

ҚАЗАҚ ҚИЫН-ҚЫСТАУ ЖЫЛДАРДА ДА АСЫЛ ҚАСИЕТІН ЖОҒАЛТПАҒАН

2-бет

КӨРИНГЕН УНИВЕРСИТЕТТЕ МЕДИЦИНА ФАКУЛЬТЕТІН АШУҒА МҰҚТАЖБЫЗ БА?

4-бет

ПАРЛАМЕНТАРИЙ АЗАТ ПЕРУАШЕВ: СЛЕДИТЬ БУДЕМ СТРОГО

11-бет

ҚАЗАҚ УНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№22 (788), 4 маусым, 2018

БІЗДІҢ ЗАҢНАМАЛАРДА «БІЛІНБЕЙ ЕНІП КЕТЕТІН» БАПТАР НЕГЕ КӨП?




КӨРКЕМ КҮНДЕР

Ақын Қадыр Мырза Әли туралы үзік сыр

Келмеске кеткен сол көркем күндердің әрбір сәтін айтып тауыса алмайсың, әрине. Алайда адамның жады, есте сақтау қабілеті деген де күрделі нәрсе. Бүгін естігеніңді ертең ұмытып қаласың. Қолға қалам алуымыз да сондай қауіптің барын сезіну.

8-9 бет



Өткен жылы БАҚ туралы заңнамаға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпарат және коммуникациялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданғаны белгілі. Жоба жұртшылық назарына ұсынылып, біраз талқыланды да болған. Тіпті министр Д. Абаявтың өзі өзгертулерге әлденеше түсіндірме де берген болатын. Талқылау барысында бірқатар белгілі журналистер ондағы кейбір баптардың сөз еркіндігін шектеп, журналистер қызметіне кедергі келтіретінін айтқанды. Бірақ сол айтылған пікірлер ескерусіз қалды...

3 бет

«ӘКЕМДІ ҚАЙТАРЫП БЕРІҢІЗШІ, НҰРСҰЛТАН АТА!» – әкесі Қытай түрмесінде отырған сәбидің жанайқайы

Алматыдағы «Қазақстан» қонақ үйінің мәслихат залында өткен іс-шараны дәл осылай атауға болады. Өйткені, «Атажұрт» қоғамдық ұйымы өткізген жиында Қытай Халық Республикасында жазықсыз жапа шегіп, заңсыз қамауға алынған қандастарымыздың балалары тиісті орындардан әкелерін босатуға көмек сұрап, зар жылады. Қазақ елінің оңтүстік астанасына осындай елу тірі жетімді ертіп келген қамаудағы азаматтардың әйелдерінің де шайлығып, мүлде дәрменсіз күйге түскені байқалды.

12 бет



ЕЛІМ ДЕП ЕҢІРЕП КЕЛГЕН ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІН ҚЫТАЙҒА ҚАЙТАРУ - АЖАЛҒА АЙДАУ!

АУЛАСЫНА КІРІП КЕТКЕН АҢ-ҚҰСҚА ДА ЖАНАШЫРЛЫҚ ТАНЫТАТЫН ҚАЗАҚ ЕМЕС ПЕ ЕДІК?

6-7 бет

Торегали КАЗИЕВ:

ПРЕДКИ КАЗАХОВ Вывали мир из каменного века!

На территории Казахстана с помощью микролитов изобрели лук, стрелы, вкладышевые орудия труда и тем самым создали условия для одомашнивания диких животных и развития земледелия, переход к которому называют неолитической революцией. А в это время во многих частях Земли о металле и не знали, использовали только каменные орудия, т.е. жили в каменном веке...

10 бет



ҚАЗАҚ ҚИЫН-ҚЫСТАУ ЖЫЛДАРДА ДА АСЫЛ ҚАСИЕТІН ЖОҒАЛТПАҒАН

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай қазақстандықтарға арнап үндеу жолдады.

«Құрметті отандастар! Біз бүгін Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күнін атап өтеміз. Біз ХХ ғасырда халқымыздың басынан өткен қасіретті оқиғалардың түп-тамыры мен себептері неде екенін терең түсінуіміз керек. 1917 жылы болған Қазан саяси революциясы мен одан кейінгі Азамат соғысы, дәстүрлі өмір салтының күйреуі, сондай-ақ, Кеңес билігі жүргізген ауыл шаруашылығын жедел ұжымдастыру науқаны және оған ілесе келген жаппай ашаршылық пен зорлық-зомбылық елдің эволюциялық дамуын күрт үзді. Соның салдарынан халқымыз бүкіл әлем тарихында сирек болатын алапат демографиялық шығынға ұшырады. 1929-1933 жылдары 2 миллионға жуық адам қаза болып, тағы миллиондай адам жан сағалап, елден босып кетті», – деді Елбасы. Президент атап өткендей, бұдан кейін саяси репрессия басталып, ол қазақ қоғамының элитасын жаппай қырғынға ұшыратты. «Саяси себеппен 103 мың адам сотталып, оның 25 мыңы ату жазасына кесілді. Қазақстан аумағында 11 жазалау лагері құрылып, онда сотталғандар мен олардың отбасы-



лары адам төзгісіз қиын жағдайда күн кешті. Қуғын-сүргіннің зобалаңын қазақтар ғана емес, Қазақстанға еріксіз, күшпен жер аударылып келген 1,5 миллион өзге этнос өкілдері де көрді. Қазақ халқының жанашырлығы мен көмегінің арқасында олар жан сақтап, аман қалды. Мұның бәрі – «коммунизмнің жарқын болашағы» атты жалаң ұранмен жасалған қасіретті тәжірибенің салдары. Эволюциялық дамудың орнын революция басқанда, осылай болады. Еліміздің әр киырында бой көтеріп жатқан «Қазақ халқына мың алғыс» монументтері – қазақ жерінен пана тапқан сан түрлі халықтардың шынайы ризашылық көңілінің көрінісі», – деді Нұрсұлтан Назарбаев. Мемлекет басшысының айтуынша, орасан шығынға ұшырағанына қарамастан, біздің халқымыз

өзінің бірегей ұлттық болмысы мен асыл қасиеттерін сақтап қалды. Қатыгездікке бой алдырған жоқ, сан ғасырлық даналығын да жоғалтпады. «Бірақ, еліміз басынан өткен осынау сұмдық сынақтарды ешқашан ұмытпайды және ең ұлы қазына – Тәуелсіздікті бағалап, сақтай біледі. Тарихымыздың осы ащы тағылымы оны Қазақстанның қазіргі ұрпағының жадына тоқып, зердесіне түйе білуімен құнды болмақ. Сондықтан Қазақстандағы әлеуметтік бірлік пен ұтаралық келісім, елдің тұрақты экономикасы мен биік халықаралық абырой-беделі халқымызды ХХ ғасырда бастан кешкен зобалаңдардан сақтай білетін сенімді кепіл болып саналады. Өткен ғасырдың қасіретті кезеңдерін енді ешқашан қайталамау үшін біз бұл жетістіктерді бағалай білуге тиіспіз», – деді Елбасы.

ХАЛЫҚ СУДЬЯЛАРҒА НЕГЕ ӨКПЕЛІ?

Жоғарғы Сот Төрағасы Жақып Асанов халықтың қылмыстық-азаматтық істер бойынша сот шешімімен келіспей, жоғары инстанцияларға шағымдану себептерін түсіндірді.

«Мұндағы басты себептердің бірі – судья жүктемесінің жылдан-жылға өсуі болып отыр. Бес жыл бұрын сот жүйесі жылына 1 млн. 300 мың іс қараса, 2017 жылы бұл көрсеткіш екі есе ұлғайып, 2 млн. 700 мыңға жеткен. Сонда бір мезетте әрбір судьяның өндірісінде орта есеппен 100 іс пен материал бар, Астана мен Алматыда 300-ге дейін жетеді. Яғни, судьялар күніне 16 іс пен материал бойынша шешім қабылдайды», – деді Жақып Асанов. Сондай-ақ, Жоғарғы Сот төрағасы судья шешіміне заңнамадағы кемшіліктердің де ықпал ететінін жасырмады. «Екіншіден, біздің заңнамамызда көп жағдайда нақтылық жоқ. Былай да шешуге болады, былай да шешуге болады. Ал заңнаманың кемшілігі ертең судьяның кемшілігі болады. Өйткені әрбір тарап сол заңды өз пайдасына қабылдайды. Басты себептер бұл емес, ең басты себеп – судьялардың сөз шеберлігінің аздығы. Біз сот актісін негіздеп түсінікті тілмен жаза білмейміз, жазғанымызды қарапайым тілмен түсіндіре алмаймыз, сендіре алмаймыз. Сондықтан да адамдар судьяның не себепті осындай қорытындыға келгенін түсінбейді. Түсінбегендіктен, сот залынан судьяға ғана емес, бүкіл мемлекетке өкпелеп шығады», – деді Жоғарғы Сот Төрағасы. Жақып Асанов бұрынғы бас апрокурорлық қызметіндей емес, өз қатарларын әділдікті аттайтын судьялардан тазарту туралы жақ ашпады.



ТАРИХИ ОРЫНДАРЫМЫЗ – БАСТЫ ҚАЗЫНАМЫЗ

Алматы қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Қазақстан» қонақ үйінің «Алтын Емел» конференция залында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар – Рухани Жаңғыру» бағдарламасының аясында «Киелі Қазақстан» атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция өтті.

Жиын Алматы қаласы Мәдениет және архивтер басқармасы басшысының орынбасары Данияр Әлиевтің алғы сөзімен ашылды. Мәжілісті «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы Берік Әбдіғалиұлы жүргізіп отырды. Ресей, Каир, Жапония, Қырғызстан, Өзбекстан және т.б шет мемлекеттерден ғалымдар қатысып, баяндама жасады.

Конференцияға ҚР ҰҒА академигі, профессор Карл Байпаков, Алматы қаласы Мәслихатының депутаты, «Алматы ақшамы» газетінің бас редакторы Қали Сәрсенбай, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Талас Омарбеков, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры Зиябек Қабылдинов және т.б көптеген отандық тарихшы-ғалымдар мен саясаттанушылар қатысты.

Шараның негізгі мақсаты – Қазақстанның рухани байлықтарын, мәдени ескерткіштерін сақтап қалу, тарихи орындарымызды туристік орындарға айналдыру. Осыған орай мәдени орындарды қалпына келтіре отырып, картаға енгізу. Мұндағы түпкі ой – жастарға туған ел тарихын, әдеби мұраларын оқытып, үйрете отырып, құрметтеуге баулу. Сонымен қатар, жиын қатысушылары Қазақстанның киелі орындарына саяхаттау арқылы еліміздің тарихына қаныға түспек.

Қуат ҚҰМАР

ҚАЗАҚСТАН ҒИМАРАТЫ ӨЗГЕЛЕРДЕН ОЗЫҚ ТҰРУЫ КЕРЕК

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Елшісі Иманғали Тасмағамбетов Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде қайта жөнделіп жатқан қазақстандық ғимарат кешеніне барып көшпелі жиын өткізді.



Қазақстандық ғимарат кешені Астананың 20 жылдығына орай қайтадан жаңартылып, сәулет өнерінің соңғы үлгісіне сай әспеттеліп, ашылуға әзірлік жұмыстарын жүргізуде. Құрылыс жұмыстарына жауапты тұлғаларға жиын өткізген Иманғали Тасмағамбетов, бұл ең алдымен Н.Назарбаевтың қолдауымен жасалып жатқан ірі жоба екендігіне тоқталды.

Жуырда кешен осы жердің інжу-маржанына айналып, еліміздің абыройын Ресей жерінде асқақтататынын айтты. Ғимараттың тек іші ғана емес, сондай-ақ сыртқы келбеті көз тартып, кешен адам танымастай өзгерген.

«Қазақстанның ғимараты өзгелерге қарағанда оқ бойы озық тұруы шарт. Сол себепті құрылыс жүргізіп жатқан топ ең алдымен сапасына мән аударса, оның уақтылы бітіруін де қаперінен

шығарып алмауы тиіс», – деді Иманғали Тасмағамбетов.

Оның айтуынша, күрделі жөндеу жұмыстары барысында ғимараттың кіре берісі, ішкі құрылымы мен композициясы ерекше сәулет өнерінің талаптарына сай жасалып, баспалдағы мен терезе әйнекпен көмкерілген күмбез тәрізді шаңырағы жанадан салынады.

Ескерте кетейік, федералдық мәдени мұра ретінде танылған бұл «Металлургия» кешені 1964 жылы Қазақ КСР-ның халық шаруашылық жетістіктерін көрсететін, кейіннен республикамыздың түрлі-түсті металлургия, мұнайгаз және көмір өндіру өнеркәсібін паш ететін жеріне айналды. Ал 2011 жылы Ресей Федерациясы Үкіметінің қаулысына сәйкес Қазақстанға 50 жылға жалға берілді.

БІЗДЕ БАСПАНА КЕЗЕГІНДЕ ШИРЕК ҒАСЫР ТҰРҒАҒА ДАР БАР

XX ғасырдың 90-шы жылдарында кезекке тұрған азаматтарды ең алдымен баспанамен қамтамасыз ету қажет. Бұл туралы бүгін Мәжілісте «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасын іске асыру барысы» тақырыбында өткен дөңгелек үстел отырысы барысында депутат Нұртай Сабильянов айтты.



«Нұрлы жер» аса қажетті бағдарлама. Өйткені, бұл қоғамдағы ең үлкен, өзекті мәселе халықтың тұрғын үйге деген мұқтажының шешетін бағдарлама деп ойлаймын. Осыған байланысты біріншіден, жобалық-сметалық құжаттарды уақытында әзірлеуге, сонымен қатар «Нұрлы жер» бағдарламасына бөлініп жатқан қаражатты мақсатына сай, тиімді жұмсалыуына ерекше назар аудару керек», – деді Мәжіліс депутаты.

Оның айтуынша, екіншіден, салынып жатқан тұрғын үйлерінің құрылыс сапасын қамтамасыз ету қажет. Яғни, салынған пәтер

сапалы болуы тиіс. Осыған байланысты тұрғын үйді салып жатқан мердігерлердің де жауапкершілігін арттыру қажет.

«Сонымен қатар қазіргі кезде тұрғын үй кезегінде тұрған баспанаға мұқтаж азаматтар бар. Олардың бірақтары 20 ғасырдың 90-шы жылдарынан, кейбіреулері 21 ғасырдың басынан кезекте тұрған. Сондықтан, 90-95 жылдары кезекке тұрған азаматтарды бірінші кезекте тұрғын үймен қамтамасыз етуге ерекше назар аударып, оған қаражат көп бөлінуі тиіс. Кейін тұрғандарды одан соң рет-ретімен қамтамасыз етуіміз қажет», – деді Нұртай Сабильянов.

ЖЕДЕЛСАТЫМЕН ЖҮРУГЕ ЖҮРЕК ДАУАЛАМАЙДЫ

Атырауда жеделсатының шахтасында болған қайғылы оқиғаға қатысты қылмыстық іс қозғалды. Әзірге тергеу тек қолдағы бар дерек бойынша жүргізілуде. Құзырлы орындар істің алдағы уақытта өзгеруі мүмкін екенін айтады.

Жұмыс істемейтін жүк тасығыш лифтіні ашып көрмек болған екі жасөспірім 15-ші қабааттан төменге құлап кеткен. Мұнда қайғылы оқиғадан кейін де қауіпсіздік шаралары жасалмаған. Атырау қаласындағы

94 көпқабатты үйде 250-ден астам жеделсаты болса, оның 32-сі мүлдем жұмыс істемейді екен. Жергілікті басшылар әдеттегідей адам өлімінен соң ғана әрекет етуге кірісті. Олар шұғыл түрде тұрғын үйлердегі лифтілердің қаншалықты қауіпсіз екенін тексермек. Аткамінерлер енді сонау Алматыда отырып, атыраулықтарға қызмет көрсетумен айналысқан «Каспий Лифт» компаниясы басшыларын шақыртпақшы. Бұл тажал тендер тізгінін таныс пен табысқа қарай ұстата салатынын көрсетеді.



Өткен жылы БАҚ туралы заңнамаға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпарат және коммуникациялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданғаны белгілі. Жоба жұртшылық назарына ұсынылып, біраз талқыланғандай да болған. Тіпті министр Д. Абаевтың өзі өзгертулерге әлденеше түсіндірме де берген болатын. Талқылау барысында бірқатар белгілі журналистер ондағы кейбір баптардың сөз еркіндігін шектеп, журналистер қызметіне кедергі келтіретінін айтқан-ды. Бірақ сол айтылған пікірлер ескеруісіз қалды. Заңды әзірлеген жұмыс тобы мүшесі Тамара Қалееваның өзі «реакциялық ұсыныстар» заң жобасын талқылағанда болмаған, аяқ астынан «білінбей еніп кетті» деп танданады. Ал, министр Дәурен Абаев заң жобасы керісінше, «БАҚ сапасын арттырады, тілшілердің ақпарат алу мүмкіндіктерін ұлғайтады» деп сендірді. Алайда бұл өзгертулерге қатысты тәуелсіз журналистер және халықаралық ұйымдардың пікірі мен ресми үкімет өкілдерінің ойы бір жерден шықпайтыны о бастан байқалған-ды.

БІЗДІҢ ЗАҢНАМАЛАРДА «БІЛІНБЕЙ ЕНІП КЕТЕТІН» БАПТАР НЕГЕ КӨП?

ЮНЕСКО ұйымының Қазақстандағы бюросының жетекшісі Тарья Виртанан ханымның айтуынша, БҰҰ-ның адам құқығы жөніндегі жоғары комиссары Қазақстанға арнайы сапармен келіп, осындағы адам құқығы және сөз бостандығы жағдайымен танысып қайтқан соң, өзінің бағалауында Қазақстанның қазіргі қолданыстағы БАҚ туралы заңы халықаралық нормалар мен талаптарға сай еместігі, заңда ақпарат құралдары үшін көптеген шектеулер мен оқшылықтардың бар екендігін айтқан. Сол сияқты Халықаралық «Freedom House» ұйымы Қазақстанды әлем елдеріндегі адам құқығы мен сөз бостандығының шектелген тізіміне енгізген.

Халықаралық ұйымның хаттамасына қарасақ, әлгі құжатта «саяси құқық» өлшемі бойынша Қазақстан 6 баллға ие болып отыр. Хаттаманың реттік тізіміне сәйкес шектік 7 балл адам еркіндігінің, сөз бостандығының ең төменгі көрсеткіші болып саналады. Ал демократиялық еркіндіктің ең жоғарғы көрсеткішіне 1 балл алған мемлекеттер кіреді екен. «Азаматтар бостандығы» өлшемі бойынша еліміз 5 балл еншілеген. Сөйтіп, Қазақстан БАҚ және интернеттегі сөз бостандығы шектелген елдер сапына сырғам. Осы мәселе бойынша БҰҰ-ның Даму Бағдарламасының Қазақстандағы тұрақты өкілінің орынбасары Стелиана Недера ханым «Әлемнің кез-келген мемлекетіндегі азаматтық қоғамның қаншалықты деңгейде дамығандығын сол елдегі баспасөз еркіндігінің жағдайы көрсетеді» деген пікірді алдыға тартады.

Бір айтарлығы, «gotoroad.ru» ақпараттық порталының жыл сайын дайындалатын бәсекеге қабілетті елдердің тізімінде Қазақстан 2015 жылы 140 елдің ішінде 42-орынға көтерілген болатын. Бұдан соң «отыздыққа» енуі мақсат еттік. Алайда, біздің ел 2016 жылы бірден 11-сатыға түсіп, 53-орынға, 2017 жылы 72-орынға сырғиды. Еске сала кетсек, «gotoroad.ru» ақпараттық парталы бұл тізімді әрбір елдің экономика, білім беру жүйесі, медицина, сөз бостандығы, жеке қауіпсіздік және әлеуметтік капитал салаларының орташа көрсеткішін ескере отырып дайындайды. Бұл көрсеткіштер бойынша Қазақстан денсаулық, білім беру саласы, жеке қауіпсіздік, әлеуметтік жағынан біршама жоғары орынға ие болғанмен, сөз бостандығы

жағынан қалыс қалуда деп есептеген. Сөз бостандығы бойынша біз 68 орында тұрсақ, көрші Монғолия мемлекеті экономикалық жағынан баллы бізден төмен болғанымен, сөз бостандығы бойынша бізден әлде қайда жоғары орналасқан. Осы ретте жоғарыда айтып кеткен Недера ханымның сөзімен келісуге тура келеді. Еліміздің жалпы көрсеткішіне әсері болған соң сөз бостандығын қолға алмасақ, жақын жылдары үздік 30 елдің қатарына кіруіміз күмән тудырады.

21 ғасыр ақпараттың заманы. Жеке тұлғалардың мүддесі мен құқығы ақпарат алуға деген еркіндіктен басталады. Құқық, теңдік, еркіндік, бостандық ұғымдарының өзара сабақтастығы демократиялық қоғамның негізін құрайды. Аристотельдің сөзі бойынша «Демократиялық құрылыстың негізгі бастамасы – бостандық...» Әрине оның ішіне сөз бостандығы да кіреді. Адам және азаматтардың заңмен тыйым салынбаған қызметтер үшін ақпараттарды пайдалану құқығының мәні қоғамның рухани жаңаруы, құқықтық-әлеуметтік мемлекеттің құрылуы, демократияның қанат жаюымен сипатталады.

Жоғарғыда айтып кеткеніміздей, адамдардың ақпарат алуы – заңды сұраныс. Сол сұранысқа жауап беруші БАҚ өкілдері болса, қазіргі кезде біздің журналистер заң шеңберінен аса алмай, дер кезінде керекті ақпаратты халыққа шұғыл жеткізуде бірқатар қиындықтарға тап болуда. Мәселен, БАҚ туралы заңның 18-бабының 1-тармағына «Сурауға жауап күнтізбелік он бес күн ішінде беріледі. Қарау үшін өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу не жергілікті жерге барып тексеру талап етілетін бұқаралық ақпарат құралының сұрау салуы осы Заңда белгіленген тәртіппен тіркелген күнінен бастап бір айдан аспайтын мерзімде қаралады» делінген. Яғни елімізде қандайда бір мәселе туындаған жағдайда, журналист лауазымды тұлғаның жауабын бір ай мерзім аралығында ала алады. Ақпарат құндылығы ұшқырлықта болса, өкінішке орай өзгертуден соң заңнама бұл талапқа жауап бере алмайды.

Дәурен Абаев Esquire Қазақстан журналына берген сұхбатында: «Жұрттың ойына біз ұсынған ақпаратты тексеру туралы міндеттілік орала береді. Бір

жағынан ақпаратты тексеру - құқық емес, кез-келген журналистің міндеті, әйтсе де дәл осы түзетуді халық ауыр қабылдайтын секілді. Дегенмен, бүкіл әлемде солай, журналист жазбасы деген де болады, жаңалықты естіді ме, журналист баспасөз хатшысына немесе басқа да құзіретті тұлғаларға кемінде екі-үш мәрте қоңырау шалып, оқиға орнына баруы керек. Факт-чекінг, яғни, қоңырау соғып мәліметтерді нақтылауы тиіс. Егер кәсіби журналист өзінің беретін ақпаратына мұқият болып, оны тексеріп, оқырман үшін оған өзінің «тұздығын» қоса қызықтырып,

Осы кезде халықтың ақпарат астына өз пікірін білдіруде де сақ болғаны жөн. Министр жобада қарапайым азаматтардың ақпарат саласындағы құқықтарын қамтамасыз ететін бірқатар нормалар ұсынылып отырғанын атап өтті. Солардың бірі тұлға мен редакция арасындағы дәлелсіз ақпаратқа қатысты дау-дамайды сотқа дейін шешу тәртібіне қатысты.

Бұл ретте, ақпараттық порталдарға пікіріңізді қалдыру үшін, бұрын аноним ретінде пікір білдірсеңіз, қазір тіркелу міндеттелінгенін ескерту керек. Бұл шара бойынша, ҚР АҚМ басшысы «Пікір

білдірушінің ішкі тәртібіне ғана қатысты болса, сайт әкімшілігі жаңағыдай пікірлерді шектеп, сүзгіден өткізсе болды емес пе? Желідегі пікірі үшін жауапкершілікке тартылатынын естігендер өз пікірін ашық білдіруге жасқанып қалмай ма? Екіншіден, пікір білдірушілер сайтқа тіркеліп отырмайды. Бастары қатырмай, колларын бірақ сілтейді. Оған кейін ояларын ашық айтуға қорқалды. Бұл – нағыз сөз бостандығын шектеу.

Осыдан біраз уақыт бұрын желіде пікір жазамын деп ұсталған адамды білеміз. Мәселен, журналист даулы мақала жариялап, бір адам оны қолдап пікір жазды делік. Сонды пікір қалдырған адамда да жауапкершілік пайда болады деген сөз.

Бұл өзгерістер сайттың жұмысын бағалауға, оның оқылымына зиянын тигізеді. Сондықтан бұл қате шешім болды, – дейді заңгер Абзал Құспан. Шындықтың бетіне тура қарасақ, бұл заңнамаға халық үреймен қарайтыны рас. Әлеуметтік желіде «сізді сотқа беремін» не «өз ойыңызға сақ болыңыз, сізді тексеріп жүрмесін» деген пікірлерді көз шалады. Бір жағынан енгізілген заң халықты бірін бірі сыйлауға орынсыз пікір қалдырмай, былай айтқанда өзін-өзі тәрбиелеуге үйретсе, екінші жағынан «білем деген көп сөз, білмеймін деген бір сөз» деген пікірді ұстануға әкеп соқтыруы мүмкін.

Осы мәселе бойынша тәуелсіз журналист Ермұрат Бапи: «Әлеуметтік желідегі белсенділіктің күннен-күнге артып бара жатуы қоғамдағы шектеуге байланысты. Мәселен, азаматтардың саяси ерік-жігері мен белсенділігі шектелгендіктен дінге бетбұрышы асқынып барады. Олар өздерінің азаматтық энергиясын, саяси арын-амбицияларын ашық алаңда, заңды саяси тартыста жүзеге асыра алмағандықтан, басқа әлеуметтік топтарға, діни ағымдарға бет бұруда.

Әлеуметтік желілер де осындай ой-пікір алаңына айналып бара жатыр. Бұл – заңды құбылыс. Бірақ ол мүмкіндіктің өзіне де шек қоюға тырысып жатыр. Бұл азаматтық қоғамды, елдегі демократияны дамытуға, азаматтардың саяси белсенділігін дамытуға кедергі келтіретін жағдай. Егер жалпы қарайтын болсақ, бұл шектеу – қазақстандық азаматтық қоғамның тамырына балта шабу деп түсіну керек» – деп тұжырымдайды.

Негізінде, егер адамның құқығын шектеу толассыз қойыла беретін болса, бұл өз кезегінде қоғамның үлкен толқынысына әкелері сөзсіз. Психологиялық тұрғыдан қарасақ та, тұлға ұзақ уақыт өз пікірімен бөліспесе, ақпаратты алып, бірақ оның қолдану аясы тарылса, адам уақыт өте келе өз ойын дұрыс жеткізуден не өз пікірінің керектігін сезінуден қалады, не болмаса күйзеліске түседі. Егер қоғам тірі ағза болса, оның мүшелері өз пікірінің маңыздылығын сезінбесе тоқырауға ұшырайды. Ондай қоғам соңында жақсы мен жаманды айырудан, алға қарай дамудан қалады. Ал біз дамыған демократиялық мемлекет құрып жатырмыз, 30 үздік елдің қатарына кіруге талпынудамыз. Ол үшін өзіміз өмір сүретін заңымыз да соған сай болуы керек. Адам құқығын шектейтін, қоғамның басым бөлігін құрайтын қарапайым адамдардың мүддесін қарастырмаған заңды «білдірпей» өткізіп жібергеннен ешкім ұтпайды. Керісінше мемлекет те, қоғам мүшелері де ұтылады.



ұсынатын болса, әрине бұндай ақпарат жоғары бағаланады» – деген еді. (Бақ.кз)

Бір жағынан жаналықтың сапалы әрі нақты болуы үшін бұл шешім дұрыс шығар. Бірақ сандық технология дамыған заманда, тың ақпарат дайындалып біткенше, оқиға куәгері оны желіге салып жібереді. Осы ретте деректер бұрмаланып, халыққа кейде жалған ақпараттар кетіп жатады. Ал, халық БАҚ өкілдерінен ақиқатқа негізделген жаналық күтеді. Жаңалық мерзімінен кешіккен жағдайда халықтың ақпарат құралдарына деген сенімі мен ын-тасы төмендейді. Бұл жерде министр айтқандай бұқара тарапынан берілетін «жоғары баға» туралы армандамасақ та болады.

Бұл мәселеге де, министр мырза «Шындығында, журналистердің тексерместен, нақтыланбаған ақпаратты алатыны туралы фактілер бар. Әсіресе әлеуметтік желінің қатардағы қарапайым пайдаланушыларынан тексерілмеген ақпарат алып, оны өздерінің ресурстарында жариялайды. Кейде кейбір БАҚ журналистері ақпараттың нақтылығын тексеруге еш мән бермейтін болғандай көрінеді. Бұл әсіресе аудитория тарту, берілетін ақпаратты коммерцияландыру үшін жасалатын секілді. Әрине, жалпылама алғанда бұндай қадамға қарсы емеспін, бүкіл әлемдегі бизнестің сипаты осы, алайда әр нәрсенің өз шегі бар. Біз ақпарат тұтынушылардың – қарапайым азаматтардың мүддесіне жұмыс істеуге тиіспіз» – дейді.

Қазіргі кезде әлеуметтік желілердегі жарияланған жаңалыққа да жауапкершілік жүктелгені белгілі.

қалдыру барысында ұлтаралық араздықты қоздырудың көптеген фактілері, келеңсіздіктер, азаматтарды кемсітушілік сияқты жайттар орын алып жатады. Біз ақпараттық порталдар пікірді кімдер қалдыратынын білу үшін қадағалау мүмкіндігін енгізуді жоспарлаудамыз. Біз лақап ат пайдалану құқығын қалай болғанда да алып тастамаймыз. Бұл жерде ешқандай проблема жоқ», – деп түсіндірді.

Алайда, сіздің пікіріңіз біреудің китығына тисе, заң бұзушылыққа балап, сізді IP арқылы табу қиындыққа соқтырмайды. Ендігі кезекте, ұялы байланыс абоненттері телефон құрылғысын 2018 жылдың аяғына дейін өз атына тіркеуі қажет. Бұл дегеніміз желі қолданушысын оңай табуға көмектеседі.

Әрине, 21-бапта «адамның немесе оның заңды өкілінің бұқаралық ақпарат құралында жеке басының, отбасылық, дәрігерлік, банктік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге құпияны таратуға келісімін алуға» міндеттеу қарастырылғаны құптайтын іс. Себебі, сіздің жеке құқықтарыңыз тапталмайды. Бірақ пікір қалдырушының да жеке ойы барын есте ұстау керек. Ол адамның жеке құқығы. Қазақтың сын түзелмей, мін түзелмейді деген сөзі бұл ретте қиындыққа ұшырауы мүмкін. Оған қоса «коммерциялық құпия» деген желеумен ақпарат беруден тартына-тындар да толып жатыр. Демек журналист ондай адамдардан мүлдем ақпарат ала алмайды деген сөз. Сондықтан, құпияның да құпиясы болатынын заңда алдымен ескеру қажет, ара жігін ашып алу қажет.

Осы жерде мынадай сұрақтар туындайды: егер мәселе пікір

«АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫ ТҮРКІСТАНДА ПЛЕНУМ ӨТКІЗДІ



Түркістан қаласында «Ақ жол» ҚДП Орталық кеңесінің Пленумы өтті. Пленумды «Ақ жол» партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев жүргізді.

Орталық кеңес «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша партияның бір жылда атқарған жұмыстарын талқылады. Партия төрағасының орынбасары, ақын Қазыбек Иса күн тәртібіне байланысты «Рухани Тәуелсіздік бағдарламасы» атты баяндама жасап, сөз сөйледі. Талқылауға Орталық кеңес хат-

шысы Сәбит Байдалы, «Ақ жол» ҚДП филиалдарының жетекшілері – Сейсегүл Әбдісаттарова (Жамбыл облысы), Жаңбырбай Матаев (Маңғыстау облысы), Бақыт Смағұл (Ақмола облысы), Мейраш Шынасылова (Алматы облысы), Рахат Алтай (Семей қаласы), Асқар Садықов (Ақтөбе облысы) және т.б. қатысты. Талқылауды партия төрағасы Азат Перуашев қорытты.

Мәжілісте қаралған Сайлау заңына өзгертулерді талқылау отырыстың күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі болды. «Ақжолдықтар» өзін-өзі ұсынудан

бас тартып, мәслихат депутаттарын партиялық тізім бойынша сайлауға көшу, сөзсіз, саяси партиялардың ұстанымы мен әлеуетін нығайтады деп санайды. Еске сала кетейік, демократиялық партия бұл идеяны 2012 жылдың партиялық бағдарламасында да, 2016 жылы өткен соңғы парламенттік сайлау кезіндегі сайлауалды тұғырнамасында да партияның айқын мақсаттарының бірі ретінде белгілеген еді.

«Дегенмен, дәл осы идея бүгінгі күні Заң жобасының негізін құрап отырғаны – «Ақ жол» фракциясының кейде қолдау таппаған көптеген басқа да ұсыныстарының ерте ме кеш пе жүзеге асырылатынын растайды. Бүгінгі сайлау заңнамасының реформасы – партиялық құрылыстың жаңа деңгейі. Жалғыз жорғатын саясаттың дәурені өтті. Жекелеген «Дон Кихоттардың» орнын ірі саяси бірлестіктер алмастырады», – деп атап өтті Азат



Перуашев.

Сайлау заңнамасының реформасына байланысты партия филиалдарына өңірдегі атқарып жатқан жұмыстарын қайта қарау тапсырылды.

Пленум Мәжіліс депутаты Берік Дүйсенбиновті «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары етіп сайлады, ал Мәжілістің V шақырылымының депутаты Нұрлан Жазылбеков – партия Орталық кеңесінің хатшысы болып сайланды.

Бұдан басқа, латын транскрипциясында «Ақ жол» партиясының

жаңа логотипі бекітілді. Түркістан қаласына арнайы сапар шеңберінде Орталық кеңестің мүшелері мен партия белсенділері Арыстан бап және Қожа Ахмет Ясауидің кесенелеріне және Ұқаша ата мазарына зиярат жасады. Сондай-ақ, Түркістанда жыл сайын дәстүр бойынша ас берді. Әзірет Сұлтан кесенесіне зияратқа Түркістан қаласының жаңадан тағайындалған әкімі Тәжібек Мұсаев пен әкім орынбасары Ғани Рысбеков және қала жұртшылығы қатысты.



АҚЖОЛДЫҚТАР «AZALA» ЖӘНЕ «ЖАСАМПАЗ» КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Азат Перуашев өзі жетекшілік ететін «Ақ жол» партиясының бірқатар басшыларымен және фракцияның депутаттарымен бірге Шымкенттегі «AZALA» компаниялар тобының тоқыма кластеріне кіретін кәсіпорындарда және «Жасампаз» консорциумында болып, компания басшылығы мен еңбек ұжымдарымен кездесті.

«Ақжолдықтар» кәсіпорындардың жұмысымен танысып, кәсіпкерлермен мемлекеттік қолдаудың қажетті шараларын қоса алғанда, өндіріс үшін коммуналдық қызметтерге тарифтерді субсидиялау, мемлекеттік сатып алулар шеңберінде отандық өндірушілердің мүдделерін қорғау мүмкіндігі мәселелерін талқылады.

Бірлестіктің директоры Гүлнара Садықбекова кәсіпкерлер партиясының өкілдеріне кластердің экономикалық көрсеткіштерін таныстыра отырып, өндірістегі кейбір кедергілер туралы айтып берді.

«Ақ жол» фракциясының депутаттары әріптестеріне нақты ұсыныстарды әзірлеуді ұсынды және оны пысықтап зерделегеннен кейін Мәжілістің қарауындағы «Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныс тапсырысы туралы» заң жобасына енгізуге бастамашылық етуге дайын екендігін білдірді.

Сонымен қатар, кәсіпорындарды аралаған іс-сапарға партия төрағасының орынбасары Қ.Иса, Мәжілістің 6 шақырылымының депутаты Е.Барлыбаев, Мәжілістің 5-ші шақырылымының депутаты А.Тұртаев, Партия Орталық кеңесінің мүшесі А.Смағұлов және «Ақ жол» ҚДП Оңтүстік-Қазақстан облыстық филиалының төрағасы А.Әбжанов та қатысты.

КӨРІНГЕН УНИВЕРСИТЕТТЕ МЕДИЦИНА ФАКУЛЬТЕТІН АШУҒА МҰҚТАЖБЫЗ БА?

Бейінді емес университеттерде медициналық факультеттердің ашылуы дәрігерлерді даярлаудың құнын түсіріп, қадірін кетіреді – бұл туралы Дания Еспаева Денсаулық сақтау министрлігі мен Білім және ғылым министрлігінің атына жолдаған фракцияның депутаттық сауалында мәлімдеді.

Сөз сөйлеудің басында ол «Ақ жол» партиясының 2016 жылғы 7-қыркүйектегі депутаттық сауалынан кейін «педиатрия» мамандығын қалпына келтіргені үшін алғыс білдірді. Алайда, депутат атап өткендей, енді министрлік медицина кадрларын даярлау мәселесінде басқа бір тығырыққа тірелді. Мәселе мынада, мамандандырылған жоғары оқу орындарының дәрігерлерді даярлауымен қатар қарапайым кәдімгі жоғары оқу орындарында жоғары медициналық қызметкерлерді оқытуға рұқсат берілгенінде. Медицина факультетін ашуға Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау педагогикалық университеті рұқсат алған, Қызылорда қаласындағы «Болашақ» жеке меншік университетінің, Петропавл педагогикалық университетінің, Каспий қоғамдық университетінің өтінімдері – қазіргі уақытта қаралуға жіберілген. Біздің өзге де университеттеріміз медициналық факультеттер ашуға ниетті.

«Ақ жол» мұндай өзгерістер дәрігерлерді оқытудың сапасын төмендетуге ғана жағдай жасайды деп санайды.

«Бұл мұндай күмәнді эксперименттерге жол беретін сала емес – жіберілген бір кателік тым қымбатқа түседі», – деп Еспаева халықаралық тәжірибеден мысал келтірді. Ең ірі университеттерде медициналық факультеттер бар. Бірақ олар бірнеше ғасыр бұрын пайда болған және ресми түрде ғана факультеттер деп аталғанымен – шын мәнінде олар үлкен медициналық орталықтар. Бұл медицина жоғары деңгейде қарыштап дамыған Германияға қатысты – оларда университеттердің медициналық факультеттерінің құрамында инсти-



туттар мен емханалар және зерттеу орталықтары да бар.

Вена Медициналық Университеті – Австрияның ең ірі медициналық білім беру ордасы алғаш рет Вена университетінің бір факультеті ретінде ғана 1365 жылы құрылған еді, ал 2004 жылдан бастап өз алдына тәуелсіз медициналық оқу орнына айналды.

Инсбрук және Грац қалаларының ең танымал медициналық университеттері де 17 және 19-шы ғасырларда факультеттер ретінде құрылған, бірақ 2000-ы жылдары жеке жоғары оқу орындарына бөлінген. Линцтегі медициналық факультет 2014 жылы жеке университет болып бөлініп шығып, Австриядағы «Медициналық алқаптың» құрылуына негіз болды.

Бұл халықаралық тәжірибеде факультеттердің бөлек медициналық жоғары оқу орындарына бөліну беталысы бар деген сөз.

«Біз де тіпті мамандандырылған медициналық оқу орындарында дәрігерлерді дайындау сапасы әрқашан күткен нәтижеге сай келмейді. Әдетте, медициналық жоғары оқу орындары ведомстволық болып саналады, яғни денсаулық сақтау министрлігінің қамқорлығында. Оларда тәжірибе базасымен, оқытушылар-клиницистермен ешқандай проблемалар жоқ.

Олай болса қалайша жалпы білім беретін университеттердегі медициналық факультеттердің керек-жарактары, олардың денсаулық сақтау жүйесіне бірігуі көптеген қосымша сұрақтарды туғызады», – делінген сауалда.

Депутат өткен жылдың наурыз айынан бастап Денсаулық сақтау министрлігі «Медициналық білім мен

ғылымды жаңғырту» жобасын іске асыруды бастады, оның шеңберінде талапкерлерді іріктеудің жаңа тәсілдерін енгізу, медициналық колледждер негізінде университет клиникаларын құру және оқытушылық-профессорлық құрамның әлеуетін дамыту жоспарланып отырғанын еске салды.

«Сондықтан да, бейінді емес ЖОО-да медициналық факультеттер ашу медициналық білімді жаңғыртудың жария етілген мақсаттарына қайшы келеді», – деп мәлімдеді халық қалаушысы.

Сондай-ақ, Еспаева жоғары білікті медициналық кадрларды даярлаудың өзінің бір ерекшеліктері бар екенін атап өтті.

Болон бағдарламасына сәйкес ол үш сатылы үлгіде жүзеге асырылады, ал клиникалық бағытта бакалавриат – интернатура – резидентура қарастырылған. Бұл дегеніміз, бакалавр дипломы клиникалық тәжірибеге рұқсат бермейді деген сөз.

Осыған орай, «Ақ жол» депутаттары келесідей сауалдарымен министрлерге жүгінді:

1. Қарапайым ЖОО-да медицина факультетін ашу туралы шешім қандай негізге сүйенген?

2. Бұл факультеттердің академиялық клиникаларды құру жөніндегі бағдарламамен басын қосу қандай жолмен жоспарлануда, бұл үшін қаржылық және ұйымдастырушылық мүмкіндіктер бар ма, соның ішінде – толыққанды дәрігерлерді оқытып шығу үшін интернатура ашу мүмкіндігі бар ма?

3. Медициналық кадрларды даярлауда әртүрлі тәсілдердің болуы емделушілердің зардап шегуіне әкеліп соғатын дәрігерлердің біліктілік деңгейінде айтарлықтай айырмашылықтың болуын тудырмайды ма?

«Ақ жол» ҚДП және оның парламенттік фракциясы сайлауалды бағдарламаны жүзеге асыру бойынша жұмыстарды жалғастыруда.

ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ 4.0

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауы – жаңа әлемге һәм Төртінші өнеркәсіптік революция әлеміне бейімделу мен жетістікке жету жолын табу үшін нендей жұмыстар істелуі қажеттігін айқындау жолындағы маңызды әрі айтулы қадам. Елбасы жариялаған басымдықтар мен міндеттер Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және технологиялық тұрғыда жаңғыртудың логикалық жалғасы іспеттес. Еліміз егемендік жылдарында үнемі жаһандық жаңа үрдістерді қолдап келеді. Мақсат – айқын. Халықтың әл-ауқаты мен тұрмыстық әлеуетін арттыру.

Адами капиталдың сапасын арттыру – мемлекет дамуын қамтамасыз етудің негізгі алғышарты. Қоғамның зияткерлік әлеуетін ілгерілетуді жүзеге асыру педагог кадрларға тікелей байланысты. Осы орайда Елбасы Жолдаудың жетінші негізгі міндетінде білім беру жүйесінің барлық деңгейі заман шындығы мен экономика сұраныстарына жауап беруі тиіс екендігін және бұл арада мұғалім мамандығының беделін арттыру қажеттігін алға тартты. Бұл үшін не істеу керек?

Біріншіден, отандық жоғары оқу орындары ой-өрісі дамыған, талантты, зерделі және ұлтжанды ұстаз дайындауды одан әрмен жаңа деңгейге көтере түсу қажет. Себебі, жаңа мыңжылдықта өз кәсібінің қыр-сырын жете меңгерген мамандардың бәсі басым болмақ. Бұны уақыттың өзі айқындап отыр. Осынау ауқымды жауапкершілікті абыроймен атқару педагогтарға жүктелген мәртебелі міндет. Дамудың даңғыл жолына бағыт алған болашағы баянды елдің өрісі қашан да білікті де саналы ұрпағымен кеңеймек. Өскелең жасты еліміздің тұтқасы, қатарының көшбасшысы етіп тәрбиелеу – ғасырға жуық үздіксіз мұғалім мамандарын даярлап келе жатқан Қыздар Университетінің басты бағдары, негізгі миссиясы.

Екіншіден, Президент жоғары білім беру ісінде жасанды интеллектпен және «үлкен деректермен» жұмыс істеу үшін ақпараттық технологиялар бойынша білім алған түлектер санын көбейту тиістігі жайында, оқытушылардың қайта даярлықтан өтуіне күш салып, жоғары оқу орындарына шетелдік менеджерлерді тартуды айтты. Сонымен қатар қазақстандық жоғары оқу орындары шетелдердің жетекші университеттерімен, ғылыми орталықтарымен, ірі кәсіпорындарымен және трансұлттық корпорацияларымен бірлескен жобаларды белсенді түрде жүзеге асыру қажеттігін алға тартты. Біздің ойымызша, Елба-



ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ: ӨЗГЕРІСТЕР БАСТАУЫ

сы жүктеген міндеттерді жоғары дәрежеде орындау үшін мұғалімнің мәртебесін көтере түскен абзал. Бұл осы аталған міндеттердің орнықты іске асуына ұйытқы болмақ. Сондай-ақ, педагогтардың кәсіби біліктілігін заманауи технологиялар арқылы көтеруге де басты назар аударған абзал.

Білікті, білімді кадрлар даярлауда және технологиялық дамыған елдердегі ғылыми жұмыстар жүйесінде жоғары оқу орындары үлкен маңызды рөл атқарады. Бұл тұрғыда Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті ғылым мен білімді өзара үйлестіріп, ғылыми зерттеу жұмыстарын ғылым мен технологияның жаңа нысандарына бағыттап жүргізуді басты мақсат етіп келе жатқанын атап өткім келеді. Білім мен ғылымды дамыту және қыздарға педагогикалық білім беру, белсенді азаматтық ұстанымы бар мамандар даярлау басты миссиясы болып табылатын оқу орнында өткізілетін халықаралық деңгейдегі ғылыми конференциялар, жүзеге асып жатқан түрлі жобалар саладағы мәселелерді шетелдік әріптестермен бірлесіп шешіп, тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.

Бізді Елбасының әдеттегідей жас ұрпаққа білім беруге айрықша көңіл бөлуі ерекше қуантты. Жолдауда бізді білім берудің жаңа сапасына көтеретін жаңғырудың негізі ретіндегі адам капиталы болатынын атап көрсетеді. Осы ретте Мемлекет басшысының оқытуға техникалық тұрғыда қолдау көрсету жөніндегі тұжырымы көңілге қонады. Мұның шеңберіне цифрлы білім беру ресурстарын дамыту мен кең жолақты интернетке қосу да кіреді.

Бұл жолғы Жолдау мұның алдындағы Үшінші жаңғырудың

жалғасы іспеттес. Бұдан бір жыл бұрын жарияланған сол құнды құжатта Нұрсұлтан Назарбаев экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыруына қол жеткізу, цифрлы технологияны қолдану, жаңа индустрияны өркендету, өнеркәсіп, агроөнеркәсіптік кешен, көлік пен логистика, құрылыс секторын дамыту, цифрлы индустрияны жеделдету мәселелерін алға шығарып еді. Елбасының тұжырымынша, Қазақстан осыларды жүзеге асыру арқылы бәсекеге қабілетті елге айналуға тиіс болатын.

Енді, міне, Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа белестерін атап көрсететін биылғы Жолдауда осы міндеттерді одан әрі дамытып, жалғастырудың бағдарлары мен бағыттары ұсынылады. Мемлекет басшысы мұны он түрлі міндетті жүзеге асыру жолымен орындағанды жөн санады. Осы міндеттердің қатарында рухани-әлеуметтік мәселелер де бар. Жолдауда мұны сапалық жаңа деңгейге көтерудің білім беру негізінде жасалуы қажеттігі де тайға таңба басқандай айқын көрсетіліп тұр. «Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет» делінген онда. Бұдан әрі Елбасы бұл міндетті қалай шешуге болатынын тарқатып айтып береді. Мұның ең сүбелісі білім беру бағдарламаларының үнемі әртүрлі өзгерістерге бейім болып шығуы. Жаңа білімді тек осылай ғана меңгеріп тұрудың жөні келеді.

Жолдауда орта білім беру саласында жаңартылған мазмұнға көшу тездетілуге тиіс екені айтылады. Мұндай өзгерістер оқу

жүйесіне мүлде жаңа бағдарламалар, оқулықтар, стандарттар қабылданып, кадрлар тартылатынын аңғартады. Демек сол кезге дейін педагогтерді оқытуды және олардың біліктілігін арттыруды қайта қарау қажеттігі туындайды. Бұл тұста жоғары оқу орындарында кафедралар мен факультеттерді бұрынғыдан да дамыта түсу қажеттігі алдан шығады. Сол кезде білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқытудың сапасын көтеруге зор мән беріледі.

Құнды құжатта білім берумен және ғылыммен айналысудың соны әдістері мен жанаша тетіктерді керек ететіні де айтылады. Бұл барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажеттігін білдіреді. Сол сияқты алдағы жылы мектепке дейінгі білім беру ісінде балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу мәселесі де тілге тиек етіледі. Сонымен бірге жас ұрпақты ғылыми-зерттеу саласына, өндірістік-технологиялық ортаға ұтымды кірістіруге алып бара алатын қазіргі заманғы жаңғыртуларға арқа сүйеу керектігі де ескерілген екен.

Елбасы жоғары білім беру жүйесінде ақпараттық технологиялар бойынша білім алған түлектер санын көбейту керек екеніне назар аударады. Мұның ыңғайында отандық жоғары оқу орындарының шетелдердегі жетекші университеттермен, ғылыми орталықтармен, ірі кәсіпорындармен және трансұлттық корпорациялармен бірлескен жобаларды жүзеге

асыруы керектігін ескертіп өтеді. Бұл жас ғалымдардың ғылыми гранттар аясына квота бөліп, оларды қолдаудың жүйелі саясатын жүргізуге барып ұласады. Сол сияқты жас ғалымдардың білім беру саласына өзінің инвестициялық жобасы мен экспорттық әлеуетті экономиканың жеке саласы ретінде қарайтын уақыты келгені де қаперге алынады. Осының бәрі біздің қазіргі заманның талаптарына сай келетін мамандарды даярлап шығаруымызға жол ашып береді. Қолданбалы ғылыми-зерттеулерді ағылшын тіліне біртіндеп көшіруді жүзеге асыру туралы нақты тапсырмалар берілді. Жас ғалымдарымызға ғылыми гранттар аясында квота бөліп, оларды қолдаудың жүйелі саясатын жүргізу хақында жақсы ұсыныстар білдірілді. Менің ойымша, бұл – білім мен ғылым саласы мамандарына беріліп отырған зор мүмкіндік. Тағы бір қуантарлығы, бұл құжатта мұғалімдер мәртебесін көтеруге де ерекше назар аударылып отыр.

«Жоғары оқу орындарына білім беру бағдарламаларын жасауға көбірек құқық беріп, олардың академиялық еркіндігін заңнамалық тұрғыдан бекіту керек» делінген Жолдауда. Мұның қабатында оқытушылардың қайта даярлықтан өтуіне күш салып, жоғары оқу орындарына шетелдік менеджерлерді тартып, әлемдік университеттердің кампустарын ашуға мән берілуі тиіс. Бұған қоса, ұлттың әлеуетін арттыру үшін мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамытуымыз керектігі тағы бар. Айналып келгенде, бұл қадамдардың барлығы «Рухани жаңғыруға» қызмет ететін болады.

Білім беру саласының қызметкері ретінде бізді Жолдауда маман даярлау сапасын арттыра түсуге көңіл бөлінгені де айрықша қанаттандырады. Иә, қазір аз да болса саз маман әзірлейтін кезең келді. Бұл баяғы бір кездердегідей оқу орындарының топырлатып түлек шығаратын үрдісінің күні кетіп бара жатқанын да байқатады.

Мұның бәрі жанаша ойлауға жатады. Ал жанаша ойлау туралы білімді ұсыну мен өңдеу инновациялық қоғам үшін аса маңызды екені анық. Жолдаудың білімге қатысты құрмет көрсетуді үндейтін тармағынан туған ойлар бізді осындай тұжырымдарға жетелейді. Түптеп келгенде, білім біздің жоғары оқу орындары мен мамандардың бәсекеге қабілеттігін арттырып, олардың осы саладағы іс-әрекеттеріне нағыз безбен болады.

Мемлекет басшысы ұсынған елімізді төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамытуға арналған он негізгі міндет Қазақстан дамуының жаңа бағытын көздейді. Бұл бүгінгідей алмағайып уақытта қоғамның мүддесі мен негізгі мақсатын ескеретін стратегиялық тұрғыдан маңызды құжат. Себебі, Жолдауда көрсетілген басымдықтар ел дамуы мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін ұзақ мерзімді даму стратегиясына сәйкес келеді. Сонымен қатар, Жолдау Қазақстанның әлемдегі технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістерге бейімделуіне бастайды.

Гаухар АЛДАМБЕРГЕНОВА,
Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор



Қазыбек ИСА

ШЕКТЕН ШЫҒА БЕРЕТІН
ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНЕ
ШЕКТЕУ БОЛА МА?

Дәл қазіргі уақытта Қытайдан Қазақстанға заңсыз өтті деп, тұтқындалып, тергеліп жатқан Сайрагүл Сауытбайдың елден араша сұрап, баспасөз мәслихатын өткізген жұбайы Уәли Сілам да, видеоүндеумен жар салған қайыны Нұрболат та қоғамдық ұйымдардың телефондарына жауап бермей, жасырынып жүр. Бұны ел олар ҰҚК тергеушілері қысымынан қорыққандықтан, жасырында деп ойлауда. Сайрагүл Сауытбайдың өзінің қайда ұсталып отырғанынан да бәріміз бүгінге дейін хабарсыз болып келдік.

Сайрагүл Сауытбайдың құқығын қиындық көрген әр қазақтың қасынан табылатын белгілі заңгер, адвокат Абзал Құспан қорғайтын болады. Ол қазақ әйелін Қытайға жібермеу үшін барын салатынын айтуда.

Бүгін заңгер Абзал Құспанның Сайрагүлдің Қорғаста қай жерде отырғанын білу үшін оның күйеуін де, қайынысын да таппай отырғандарын жазып, сондықтан «Тіл жанашырлары» тобында сұрау салуына байланысты Желтоқсан ардагері, қоғам белсендісі Жанат Мырза өзінің байланыстары арқылы Жаркент қаласына, Қорғас кеденіне шығып, жан-жақты іздестіріп, Сайрагүл Сауытбайдың Жаркент қаласындағы Панфилов аудандық ішкі істер басқармасының уақытша ұстау изоляторында жатқанын анықтады.

Қуәлердің айтуынша Сайрагүлді жалаңаяқ, жөнді киімсіз сүйреп алып келген. Оның хәлі ауыр, өзі қатты ауру, қайда екені белгісіз болғандықтан изоляторға артынан бір де бір адам іздеп келмеген әлі. Оған алдымен киім-кешек керек екен. Тергеушісі Влад Антонов деген орыс ұлтының өкілі көрінеді.

Мен мына хабарды естіп, біраз қан қысымым көтеріліп, есеңгіреп отырып қалдым...

Қазақ елінен араша сұрап, осындағы отбасын іздеп келген Қазақ әйеліне Қазақтың ҰҚК Шекара қызметі тергеушілерінің көрсеткені осы ма? Сонда біздің тергеу орындарының ол жанталасып қашып келген Қытайдың «саяси үйренуіндегі» сұмдықтардан қай жері артық? Мына түрімен, бұлар Қазақстанның тиісті орындары мен қоғамдық ұйымдары араша түсіп, айқай көтермесе, Қытайға «тапсырмаларыңызды тастай қылдық» деп, құлдық ұрған қуанышты түрде өткізіп жіберетін сынайы бар ма деп күмәнданасын. Сонда біздің шекарашылар шекараның ар жағындағы елге қызмет ете ме, бізге ме?

ҰҚК Шекара қызметінен Сайрагүлден жауап алатын бір қазақ әскери тергеушісі табылмаған ба? Өзіміздің қазақ министрлер мен әкімдер қазақшаны Елбасы тапсырмасынан кейін енді үйреніп жатқанда (ешқандай елде болмайтын маскара!), Шекара қызметінде қайдан қазақ тілін білетін орыс тергеушісі болады?! Сайрагүл орысша білмейді, 27 жылдан бері Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің тергеушісі мемлекеттік қазақ тілін білмейді, (ешқандай елде болмайтын маскара!) сонда олар қалай сөйлеседі? Сайрагүлдің құқы қалай қорғалады?

Мен біздің Ұлттың қауіпсіздігін

ЕЛІМ ДЕП ЕҢІРЕП, КЕЛГЕН ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІН ҚЫТАЙҒА ҚАЙТАРУ - АЖАЛҒА АЙДАУ!

АУЛАСЫНА КІРІП КЕТКЕН АҢ-ҚҰСҚА ДА ЖАНАШЫРЛЫҚ ТАНЫТАТЫН ҚАЗАҚ ЕМЕС ПЕ ЕДІК?

қорғайды деген ҰҚК ұлтты қорлайды ма деп, Шекара қызметінің қатыгез қарекеттері мен тасжүрек пиғылдарынан қорқайын дедім. Өйткені, өткенде ғана ҰҚК Шекаралық бақылау қызметі Қазақстанға ықтияр хаты болса да, аяғы ауыр болғандықтан, кезекте тұрып құлап қалған қазақ қызы Жайнагүл Ғажапқызын Алматы әуежайынан кері қайтарып жіберіп, бүкіл қазақ шулап жүріп, Қытайға жібермей қайтарып алдық. Әлі де оның тағдыры белгісіз болып тұр.

Сонда Қазақ қыздары Сайрагүлдер мен Жайнагүлдерді кім қорғайды?

Енді бүгінгі Тәуелсіз Қазақ елінде болып жатқан ҰҚК Шекара қызметінің шектен шыққан осындай әрекеттеріне кім жауап береді?

Сол кезде «Қазақ үні» порталында ақын, қоғам қайраткері Алмас Ахметбекұлының: «Шекара қызметінің кешегі әрекеті – ҰЛТТЫҚ ТРАГЕДИЯ» атты сұхбатын жариялады. Сонда біздің көтерген «Шыңжандағы ҚАЗАҚТАР ШЕКАРАНЫ КЕСІП ӨТСЕ НЕ БОЛАДЫ?» деген мәселеге: «Бұл мәселені ұлттық деңгейде көтеруіміз керек. Бұдан кейін де мұндай жағдайдың талайы болады. Қазір Шыңжандағы жағдай қиын. Ол жақтағы қандастар жаны қысылып, бір күнде шекараны кесіп өтіп шығатындар шығып жатса не істеуіміз мүмкін? Біз Шекара қызметін, Ұлттық қауіпсіздік қызметін осыған дайындауымыз керек», – деген жауап алған болатынбыз.

Біз айтып, ауыз жиғанша, Қытайдағы қысымға шыдамай, арғы беттен Атамекенін аңсап, өзінің отбасын, жары мен екі баласын бір көруге шекарадан заңсыз болса да кесіп өтіп жеткен Қазақтың анасы Қазақтың елінде кеудесінен кері итеріліп, тағы азап көріп, ажал аузында жатыр...

Яғни, бұдан бұрын жазғанымыздай, біз Шекара қызметін, Ұлттық қауіпсіздік

қызметін осыған дайындай алмай отырмыз!

Ауласына кіріп кеткен аң-құсқа да жанашырлық танытатын Қазақ емес пе едік?

Біз Панфилов аудандық ішкі істер басқармасына хабарласып едік, кезекшіліктегі полиция майоры Олжас Сопанов Ішкі істер басқармасы басшысы Рауан Ахметов те, оның орынбасарлары да ауданда кісі өлімі оқиғасы болғандықтан орындарында жоқ екенін жеткізді. Бірақ Сайрагүл Сауытбайды тергеу үшін екі айға тұтқындауға санкция берілгенін хабарлар болдық. Сонымен бірге ол бұл іске Алматы облысы Қорғас шекара қызметі 20/88 әскери бөлімі жауап беретінін, қазір Сайрагүлді тергеу үшін солар алып кеткенін хабарлады. Ал Қорғас шекара қызметінің басшысы Алмас Тілеубайға хабарласу үшін 872831-33-210, 33220 телефондарына соғып, 20/88 әскери бөлімнің тергеуге дейін анықтау бөлімі бастығы міндетін атқарушы Влад Антоновтың көмекшісі, сержант Серік Рахметжановпен сөйлесіп, Сайрагүлдің жағдайын сұрадық:

– Сайрагүл Сауытбайға екі айға санкция берілген, қазір тергеу жүріп жатыр, – деді ол.

– Сіздердің әскери бөлімде қазақ тергеуші жоқ па, неге орыс ұлтының өкілі тергеуде. Ол қазақша, Сайрагүл орысша білмейді ғой.

– Иә, бізде сол жалғыз тергеуші. Оның үстіне Сайрагүл «қытай тілінде жауап беремін, сол ыңғайлы» деді.

– Сонда аудармашы арқылы алынып жатыр ма тергеу?

– Иә, солай.

– Бізге куәгерлердің айтуынша, Сайрагүлдің үстінде жөнді киімі де жоқ, жалаңаяқ алып келген екен изоляторға. Сонда тергеушілер үйінен ай-шайға қарамай сүйреп шыққан ба, неге бұлай?

– Енді үстінде қандай киімі бар, солай

келді ғой, киімдері бар, жалаңаяқ емес бірақ. Кеше күйеуі келген, оған да айтып жібергенбіз керек киімдерін әкеліндер деп.

– Ең бастысы елім деп еңіреп келген қазақ әйелін Қытайға жібермеу керек ғой. Ол жаққа барса не болатыны белгілі ғой.

– Енді ол мәселені сот шешеді ғой, біздің құзырымызда емес.

Біз Сайрагүл Сауытбайдың басынан өтіп жатқан сұмдықты естігесін, оралмандар құқығын қорғап жүрген «Атажұрт» жастар қоғамы төрағасы Қыдырәлі Оразұлы мен Серікжан Біләшұлына шұғыл телефон соғып, олар Жаркентке киім-кешек алып баратын болды.

Сайрагүлдің адвокаты Абзал Құспанға да хабарластық. Ол:

– Мен Сайрагүл Сауытбайдың адвокаты болып қызметіме кірісіп кеткенмін. Оның мәселесіне Бас прокурордың назар аударуын сұрап арнайы үндеу жасадым. Яғни, алдында бейнеүндеу жасаған жігіт бар ғой. Қайынысы – Нұрболат. Сол қазір үйіне қонай, қашып жүр екен. Себебі, оның отбасына әскери застандан шекарашылар келіп «Сендер неге бүкіл Қазақстанды шулатып жатырсындар? Отбасыңмен қосып бәрінді қайтадан Қытайға айдап жібереміз» деп қоқан-лоққы көрсеткен. Одан бөлек, қазіргі таңда Сайрагүлдің күйеуін таба алмай отырымын мен. Соңғы рет жұма күні сөйлестім. Сенбі күні Ішкі істер бөліміне баруы керектігін айтып, біраз жайды түсіндіріп жібергем. Содан бері ол да телефонын өшіріп, қашып жүрген сияқты. Жаппай қысым көрсету жүріп жатыр. Осыны маған сілтеме жасай отырып жарияласаңыздар. Мен жауапкершіліктің бәрін өз мойныма аламын. Бас прокурорға арыз дайындап жатырмын. Халықаралық ұйымдарға шағымданбақпыз. Олар сұраған анықтаманың барлығын жібердік. Қазіргі уақытта Сайрагүлдің ісі бойынша мемлекеттік орындардың барлығына сұрау хат жіберілді. Президент жанындағы Азаматтық істер бойынша комиссия төрағасы Гүлшара Әбдіхалықоваға өтініш жолданды, «саяси баспана» сұрау бойынша. Сонымен қатар, Еуропадан Мира Райтманмен хабарластық, БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комиссияға хабарластық барлығына қажетті құжаттарды жібердік. Олар бұл іске қатысты Қазақстан тарапына арнайы телефотограмма жолдауы керек.

Қазақ елін паналап келген Сайрагүлді Қытайға жібермеуге барымды саламын. Бұған өздеріңіздің «Қазақ үні» де, барлық БАҚ, қоғамдық ұйымдар да атсалысуы керек! – деп жауап берді.

Яғни, Сайрагүл Сауытбайдың елден араша сұраған күйеуі мен қайынының енді елден жасырынып жүруі заңгер Абзал Құспанның мәлімдеуінше, Шекара қызметінің әскери тергеушілерінің





әрекеті деуге болады.

ШЕКТЕН ШЫҒА БЕРЕТІН ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНЕ ШЕКТЕУ БОЛА МА, БОЛМАЙ МА?

Еске сала кетейік, 26-мамырда Алматыда Қытайдан Қазақстанға келіп, қайтпай қойған, сол үшін де қамауда отырған Сайрагүл Сауытбайға мемлекеттік және халықаралық деңгейде араша сұрау үшін әйелдің отбасы мен қоғам белсенділері баспасөз мәслихатын өткізгені мәлім.

Қытайдағы аз ұлттардың бүгінгі таңдағы ахуалын қоғам белсенділері «геноцидқа» теңеп, Елбасынан осы мәселеге қатысты кезекті мәрте араша сұрады. Ал Сайрагүл Сауытбайдың күйеуі Уәли Сіләм әйелі заң бұзған болса, Қазақстанда сотталсын деп отыр.

Бұл туралы «Абай.кз», «Қамшы.кз» сайттары мен барлық БАҚ беттерінде бірнеше рет жазылды. «Қазақ үні» порталы да бұл мәселені әдеттегідей басынан жіті бақылауда ұстауда.

Уәли Сіләм екі баласымен Қытайдан Астанаға 2016 жылы көшіп келген. Астанада бір жылдай тұрып, Алматы қаласы Еңбекшіқазақ ауданындағы Бәйдібек ауылына көшіп келіп, 2017 жылы Қазақстан азаматтығын алады.

Баспасөз беттерінде жаппай жазылғандай, Қазақстан азаматы Уәли Сіләмнің Қытайда қалып қойған әйелі Сайрагүл Сауытбай Қазақстанға отбасын көруге келген беті екен бұл. Ол Қытайда балабақша директоры болып қызмет етеді. Алайда Қытай тарапы әйелдің отбасы Қазақстанда екенін білген соң жұмысынан шығарып, «саяси үйрену орталығындағы» мұғалімдерге мемлекеттің идеологиясын үйрететін староста етеді. Бірақ, Сайрагүл түрмеден айырмашылығы жоқ «саяси үйрену» орталығындағы сұмдықтарды көзімен өріп, куә болғандықтан, Қытай үкіметі әйелдің бар құжатын тартып алған, қолында тек Қытай азаматшасы екенін дәлелдейтін құжат қана қалады. Он жылдан бері Қазақстанға келмеген Сайрагүл биыл сәуірдің ортасында күйеуі мен балаларын бір көруге іздеп келеді. Отбасымен қауышып үлгермей жатып, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің өкілдері «Қорғас кеден бекетін заңсыз бұзып өтті» деген айыппен ай-шайға қарамай алып кетеді. Себебі әйел Қазақстан шекарасынан құжатсыз өткен дейді. Ал әйелінің құжатсыз қалай өткенін Уәли Сіләм хабарсыз.

— 21 сәуірде өздерін ҰҚК өкілдеріміз деп таныстырған екі азамат біздің үйді тауып келіп, бірнеше сауал қойып, қайта жібереміз деп Сайрагүлді алып кетті. Содан бері Сайрагүл қайтып оралған жоқ. Кейін артынан іздеп, Қорғас кеден бекетіне өзім бардым. Мені де тергеу астына алды, әйеліме қатысты және өзге де сұрақтар қойып, қинады. Соққының астына алды. Мен ештеңе айтпаған соң жіберді, бірақ әйелім қамауда қалып қойды. Енді Қытайға жібермекші. Қытайға жіберсе, әйелімді

сотсыз өлім жазасына кеседі. Ол анық. Жібермесін! Сотталса да, Қазақстанда сотталсын, — дейді Уәли Сіләм.

Әлеуметтік желіде Сайрагүл Сауытбайдың тағдырына аландап, араша сұрап жатқандар көбейіп тұр. Осыған байланысты Qamshy.kz ақпарат агенттігі ҚР ҰҚК Шекара қызметіне ресми сауал жолдаған еді. Құзырлы мекемеден келген жауапта «Сайрагүл Сауытбайдың ҚР аумағына кіретін заңды құқығы боламаған» деп жазылған. Ал қоғам белсенділері Сайрагүл Сауытбайды шекарадан заңсыз өткізген шекара қызметкерлерінің өздерін тергеу керек деп отыр.

Біз Абзал Құспанның Сайрагүл Сауытбайдың жағдайына байланысты бұған дейін де көптеген БАҚ-та жарияланған мәлімдемесін еске сала кетеміз:

САЙРАГҮЛ САУЫТБАЙҒА САЯСИ БАСПАНА СҰРАУ КЕРЕК!

«Сайрагүл Сауытбайдың ҚР аумағына кіретін заңды құқығы болмаған. Себебі, оның ҚКП (Қытай коммунистік партиясы болар) мүшелеріне шетелге шығуға мүмкіндік беретін төлқұжаты тартып алынған (балабақша меңгерушісі болып жұмыс істеген).

Сәуір айында Қытайдың шекара қызметіндегі жемқор шенеуніктердің



Абзал ҚҰСПАН:

САЙРАГҮЛ ҚЫТАЙҒА ҚАЙТАРЫЛАДЫ ДЕГЕН ҚАУІП ЖОҚ

Қытайдан Қазақстанға отбасын көріп қайту үшін келген Сайрагүл Сауытбайдың тағдыры бүгінде қыл үстінде. Осыған дейін «Қазақ үні» порталында қандасмыздың қиын жағдайы туралы аз жазылған жоқ. Аталмыш мәселені басты назарда ұстап отырған редакция ұжымы елім деп келген қазақ анасының тілеуін тілеуде.

Естеріңізде болса, мамырдың 28 күні Сайрагүлдің адвокаты Абзал Құспан оны таппай жүргенін айтып, дабыл қаққан болатын.

«Қазақ үні» порталы Желтоқсан ардагері, қоғам белсендісі Жанат Мырзаның көмегімен Сайрагүлдің Жаркент қаласындағы Панфилов аудандық ішкі істер басқармасының уақытша ұстау изоляторында жатқанын анықтаған.

Бұл туралы белгілі акын, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары Қазыбек Исаның «ЕЛІМ деп ЕҢІРЕП КЕЛГЕН ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІН ҚЫТАЙҒА ҚАЙТАРУ — АЖАЛҒА АЙДАУ!» атты мақаласында барлық жағдай анықталып жазылған болатын.

Осыған байланысты бүгін адвокат Абзал Құспан бастап, «Қазақ үні» журналисі Ұлмекен Лесбекова, Abai.kz журналисі Нұргелді Әбдіғани, «Атажұрт» қоғамдастығының төрағасы Серікжан Біләшұлы және белгілі журналист Сәуле Әбілдаханқызы секілді жанашыр белсенділеріміз

Сайрагүл Сауытбайдың мәселесі бойынша Қорғасқа барды. Заңгер Абзал Құспан барған бойда Сайрагүлдің ісін жүргізіп жатқан тергеуші Влад Антоновпен жолықты. Абзал Құспанның айтуынша, қазақша жетік сөйлейтін тергеуші Антонов ешқандай кедергі келтірмей, оның іске араласуына қажетті құжаттарды бірден рәсімдеп, өзінің міндетін толық орындаған.

Кейіннен Абзал Құспан Жаркент аудандық Ішкі істер бөлімінде уақытша қамау изоляторында отырған Сайрагүл Сауытбайдың өзімен де жолықты. Сайрагүл тергеушілер тарапынан өзіне ешқандай қысым көрсетілмегенін, керісінше Ішкі істер бөлімі қызметкерлері тарапынан қамқорлық көргенін айтқан екен.

Заңгердің айтуынша, «Бүгінгі таңда Сайрагүл қайтадан Қытайға қайтарылады деген қауіп жоқ». Адвокаттың сөзінше, алдағы уақытта оның Қазақстанда қалу мәселесі заң аясында шешілмек.

көмегімен «Қорғас» ШЫХО-ға кіретін жалған рұқсатнама жасап алып, шекараны заңсыз кесіп өткен» — дейді.

Енді осы сөздерге назар аударсақ, шекараны кесіп өту фактісі екі айға жетпейтін уақыт аралығында, яғни сәуір айында орын алған. Сонда қалай, осы уақыт ішінде Қытай жағы «шекара қызметіндегі жемқор шенеуніктерді» анықтап, оларға сот үкімін шығартып, ол заңды күшіне еніп үлгерген бе? Қытайда сот үкімі шығарылмаған адамды айыптап сойлеуге заң мүмкіндік бере қалған жағдайдың өзінде, Қазақстанның заңы бойынша ол мүмкін емес, бұл жерде біздің ҰҚК өз заңымызды басшылыққа алуы керек.

Одан кейін, балабақша меңгерушісі Қытайдан шығуға болмайды, оның төлқұжаты тартып алынған деген не сөз? Біз сонда шынымен Қытай жағының бұл уәжімен келісіп, өз қандастарымызды осылай оп-оңай жығып бере салмақпыз ба? Егер ол Қытайдың қауіпсіздік органдарында қызмет етсе түсінуге болады, ал балабақша меңгерушісі біз білмейтін қандай мемлекеттік құпияны жария етуі мүмкін?

Сонымен қатар, Қытайдан Қазақстанға төлқұжатсыз, бір реттік рұқсатнамамен өте алады дегенге өз басым сенімсіздікпен қараймын. Қолданыстағы заң талаптарына сәйкес, адамның жеке басын сәйкестендіру (идентификация личности) төлқұжат арқылы жүзеге асырылады. Ал, рұқсатнама төлқұжатты алмастыра алмайды. Осыған байланысты, Қазақстан тарапынан шекара қызметі өкілдеріне қатысты Сайрагүл Сауытбайдың ҚХР-дан ҚР-ға мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өту фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалды ма екен, әлде іс тек қана Сайрагүлге ғана қатысты қозғалып отыр ма деген заңды сұрақ туындайды менде.

Әрине, әзірге ол іске тікелей араласа алмаған соң, қолда бар ақпарат бойынша болжам жасау ғана қолдан келеді, дегенмен қазір барлық БАҚ өкілдері бұл мәселені барынша тартып қоғам назарына ұсынбаса, ҰҚК шекара қызметі Сайрагүл Сауытбайды Қытайға беріп жіберуі әбден мүмкін нәрсе, ол өздерінің профильді заңдарымен нақты көзделген.

Сондықтан, заңгер ретінде Сайрагүл Сауытбайға немесе оның туыстарына менің тарапымнан нақты ұсыныс, ол — Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия алдында Сайрагүл Сауытбайға саяси баспана сұрау!

Қытайдағы қазақтардың қысымға ұшырап жатқаны қазіргі таңда бүкіл әлемге мәлім, оның үстіне ҰҚК жауабынан ақ көрініп тұрғандай балабақша меңгерушісі қызметін атқарғаны үшін, елден шығуға тиым салу фактісінің өзі ақ, Сайрагүлдің азаматтық құқығын аяққа таптау болып табылады.

Сонымен қатар, бұл мәселеге адам құқықтары жөніндегі уәкіл, яғни омбудсмен Асқар Шакировтың да назарын аудару қажет. Сайрагүлдің мында, Қазақстанда заңды некедегі күйеуі және кәмелетке толмаған балалары бар екенін есте ұстайық. Сайрагүл Сауытбайдың өзі әзірге Қазақстанның азаматы емес шығар, бірақ ол бірінші кезекте АДАМ! Әншейінде, боқтан өзгенің бәрін араластатын, ал қазақ мәселесіне келгенде жұрған аузын ашпайтын омбудсменнің біз үшін пайдасы бар ма, жоқ па сыналатын кезі келді.

Бұл мәселені, бір Сайрагүлдің туыстарының мойнына артып қоймай бүкіл ел болып, қоғам болып көтеруіміз қажет! Сонда ғана нәтиже болуы мүмкін! Сонда ғана қандасмызды АЖАЛДАН АМАН АЛЫП ҚАЛА АЛУЫМЫЗ мүмкін...» — деп жазған болатын белгілі заңгер.

Иә, Қытайдың ауыр қысымынан Атамекенге Елім деп еңіреп жеткен Қазақ қызын паналатып, саяси баспана бере алмасақ, елдігіміз қайсы?!

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚ ЕЛІМ БАР ДЕП, ПАНАЛАП КЕЛГЕН ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІН ҚЫТАЙҒА ҚАЙТАРУ — АЖАЛҒА ӨЗ ҚОЛЫМЫЗБЕН АЙДАУ!

Ендеше, бұл Қазақ әйелінің тағдырына бәріміз атсалысып, мүмкіндігіміз келгенше, қол ұшын созып, қарлығаштың қанатымен су сепкендей септігімізді тигізейік, Ағайын!

«АЛМАТЫДА АЛДЫМЕН ОСЫ КІСІГЕ ЕСКЕРТКІШ КОЮ КЕРЕК ЕДІ»

«Ұлы адамдардың өлген күні болмайды, туған күні болады» деген рас. Қадыр Мырза Әли де сол санатта. Мұндай адамдардың туған күнін, қайтқан күндерін күтіп отырмай, жадында қалған жақсы күндерді жаңғыртып жазып отыру да қасиетті парыз деп ойлаймын. Бұдан ұлт ұтпаса, ұтылмайды.

Классиканың аты классика. Классиктің аты классик.

Кейінгі уақытта осы сөздің шындығына көп көз жеткіздім. Оның дәлелі — қайда барсаң да үнемі Қадыр ақын алдыңнан шығады. Ақынның өлеңі, айтқыштығы, тағысын тағылар. Шынында да, біз өмірде классикаға сүйенеміз бе? Әрине, белгілі адамдардың белгілі ойларын, пікірлерін пайдаланамыз. Олардың өмірінен қалған қызықты әңгімелерді естиміз, не болмаса өз аузынан естігенімізді айтамыз, сөйтіп, өзіннің де, өзгенің де көңілінде жақсы әсер қалдырғын келеді.

Бірде Қадаған: «Біз осы кешегі өткендерді неге еске ала береміз? Еріккеннен бе? Жок, олар ұйықтатпайды сені» деп еді. Шынында солай ғой, Қадекен олар туралы айтады, ал, олар да өзінен бұрын өткендер туралы айтып кеткен. Әдебиеттегі үздік үрдіс, өнердегі дәстүр, сабақтастық деген осы.

Ал енді сол сара соқпаққа түсіп алып, Қадыр Мырза Әлидің айтқандарын біз неге жазбаймыз?

Келмеске кеткен сол көркем күндердің әрбір сәтін айтып тауыса алмайсың, әрине. Алайда адамның жады, есте сақтау қабілеті деген де күрделі нәрсе. Бүгін естігенінді ертең ұмытып қаласың. Қолға қалам алуымыз да сондай қауіптің барын сезіну.

Қайсыбір жылы «Қазығұрт» баспасынан ақынның жоспарланған 12 томдығының алғашқылары жарық көріп, құттықтай барғанбыз. Әдеттегі дағдымызды бұзып, ағаның өз қолымен ашытқан шие, алма шарабынан да ауыз тиіп едік. Әрине, мұндайда әңгімесіз бола ма? Қадыр жазуға ғана емес, айтуға да шебер еді ғой.

— Тайыр Жароков қызық, ғажап адам еді, — дейді Қадыр аға. — Бірде сол кісіні үйге қонаққа шақырдым. Тағы да біраз ағаларым бар. Байқаймын, Тәкеннің аса көңіл-күйі жок. Әңгімеге де көп араласпайды. Бір кезде үзіліс жарияладым. Жұрт бірден көтерілгенімен, Тәкен асыққан жок. Сәлден соң қасына таяп бардым.

— Әй, Қадыр, (сәл пауза жасады) немене, арақты аз алғансың ба? — деді.

— Жок, ә, арақ жетеді, — дедім.

Сірә, әр сөзін іштей сараптап алған, сәл үнсіздіктен соң:

— Үйінде қырлы стакан бар ма? — деді.

Мен қырлы стакан алып келдім. Толтырып құйдым. Тәкен тартып жіберді. Сәл отырғаннан кейін тағы да тартты. Сондағы айтқаны: «Жетті. Енді ел қатарлы ішіп отырайық» болды.

— Ал енді осы әрекетті қалай түсінуге болады? Біреулер арақ туралы айтуы мүмкін. Е, ол кісі ішкіш болған екен ғой деуі де әбден мүмкін. Мүлдем олай емес. Одан кейін талай мәрте бас қостық қой. Бірақ Тәкеннің бас жарып, көз шығарып, біреумен жаға жырттысқанын көргем жок. Сонда бұл не? Мінез. Ірі мінез. Тектілік. Бәріміз сағынатын мінез. Өте қызық, күрделі құбылыс, — деуші еді Қадаған.

— Жұбан ағаға да танқалушы едім. Бірде Софья апай еденді енді жуып біткен. Шұғыл шаруамен келген ағамыз, есік алдындағы шүберекке аяғын суртпестен батпақ күйінде бөлменің бәрін аралап шығып, кетіп қалды. Жеңеміз үндемейді, әрине. Бұл да мінез. Ол тек Жұбағанның ғана қолынан келеді. Басқа солай істесе жасанды көрінуі мүмкін еді, — дейді Қадыр аға.

— Ал енді Бердібек Соқпақбаев ше? Бұл шын мәнінде кезеңнің құрбаны болған адам. Алматыда алдымен осы кісіге ескерткіш қою керек еді. Бұл өте таза болған кісі. Бір қарағанда мұндылау көрінгенмен, қалжыңға да күшті еді. Әкесімен де қалжыңдаса беретін. Үйінде қонақта болдым. Әркімнің алдына үлкен ақ қағаз жайғызды. Қықым-сықымның бәрі сол қағазға түседі.

Сосын өзі соны ерінбей жинап алады. Біздің ұқыптылығымыз ол кісінің алдында жіп есе алмай қалатын, — дейді Қадыр аға.



КӨРКЕМ



Қали СӘРСЕНБАЙ,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері

Өзі талантты адам таланттың жайын көп ойлайды. «Алматы Ақшамында» Ісләм Жарылғапов туралы көп жазылды. Сол дүниелердің бәрін арнайы кітап етіп те шығардық. Орыс тілінен, өзге тілдерден енген сөздердің қазақша баламасын табуда бұл кісінің алдына түсетін кісі кем де кем. Бір заманда Мұхтар Әуезовті құтқарып қалуға көп еңбек сіңірген Ісләм аға Қадағана 50 жылдығында ғажайып өлең жазды. Сол ағаның жанкешті еңбегі, әсіресе кітапханасы туралы көп ойлайтын. Тіпті, Ісләм ағаның үйге сыймай, ашылмаған күйі босағада қалған кітаптарының тағдырына көп алаңдап жүрді.

Райымбек Сейтметов қайтқанда көп қайғырды. — Бір күні Райымбек желпініп келді. Қадыр Мырзалиевпен танысыпты. Ол кезде Қадыр өте танымал еді. Мені, Әнуарды, Райымбекті әлі ешкім білмейді. Әуелде Райымбекке сенбедік. Бірақ, ол сендірді. Содан біз де таныстық. Ол біз үшін үлкен мереке болды, — деп еді бірде Асанәлі Әшімұлы.

Қадыр поэзиясын жатқа білетін, «сахнаның ақыны» атанған Райымбектің қазасы да ақынға оңайға соққан жок еді.

Осындайда талантты тек қана талант түсінетін заман да өтіп кеткен-ау дейсің.

«Умный талант»

Ал, Қадыр ағаның күнделікті тіршілігінде де, әдеби өмірінде де қызықты сәттер аз болмаған. Өзі жиі айтатын тұлғалар, енді өзі туралы не айтқан дейсіз ғой?!

Бірде ол Хамаңның «Құрманғазысы» туралы 17 бет мақала жазыпты. Сонда Хамаң:

«Қадыр көп білетін бала. Бірақ, осы баланың не мақтап, не даттап отырғанын білмейсің» депті. Хамаң осылай десе, Әбен — Әбділда Тәжібаев не деген сонда?

«Қадыр деген бір бала бар. Сол Хамиттың «Құрманғазысындағы» «Толқын» тарауын Айвазовскийдің «Тоғызыншы валына» теңепті. Сұмдық қой» дейді.

Міне, осы екі түрлі пікірдің өзі тұлғаны тануға жетіп жатыр. Мәселен, уақытты пайдалануда Қадырдан озған адам кем де кем шығар. Кейде дүйсенбі күні телефон шалып, «Құдайдың берген жалғыз күнін пайдаландың ба?» дейтін. Сенбі, жексенбіні айтып тұр ғой. Онда да сенбі міндетті түрде қонақпен кететінін біліп, жексенбіні сұрайды. «Қайдан аға, қонақтан қонақ» дейсің. «Ол рас, кейде сені аяймын. Газет жеп тастайды ғой. Мен баяғыда осы газеттен қашып құтылмағанда, қонақ дегенді ұмытпағанда бүгінгі тындырғанымыңның 50 пайызын да істей алмас едім» дейді.

Онысы рас. Қадаған кейінгі уақытта болмаса, бұрынырақта қызмет пен қонақтан қашып жүрді. «Социалистік Қазақстанның» Бас редакторы Ұзақ Бағаев әдебиет, өнер бөлімінің меңгерушілігіне қызметке шақырады. «СҚ»-да істеу ол кезде көп қаламгерге қол жетпестей арман болатын. Сыйлас азаматтың көңілін қайтару тағы да қиын. Содан ойлана келе бас тартады. Әйтсе де, Ұзақ аға «орнына кімді ұсынар едің?» дейді. Қадаған Зейнолла Серікқалиевті ұсынады. Осынау көңіліне қонған ұсынысқа Ұзақ аға қатты қуанады.

— Сөйтіп бір құтылып едім, — деп кеңкең күледі Қадаған.

Шынында да, Қадаған өмір бойы қызметтен қашып жүрген. «Қазақ әдебиеті» де орынбасарлыққа шақырған. Одан да қашқан. Ойын-тойлардан, тіпті, қарындасының да, Әбіштің де тойына бармай өлең жазды. «Қайтесің, біреу ренжиді, өкпелейді, бірақ соның бәрі кейін түсінеді» деп отыратын. Айтса айтқандай, уақыттың қадірін біз білмейміз. Енді міне, жасында көп қызық қумай, жақсы өлең жазған, қазір бүкіл қазаққа мол рухани олжа, қазына болған Қадыр аға өзінің талантты інілерінің тағдырына да көп алаңдайтын. Аманхан мен Қасымхан, Есенғали, Темірғали туралы көп айтатын. «Осы Жарасқанды айтамын. Исключительный талант. Өзін бағалай білмеді», «кеше Сауытбек звандалы. Оны да аяймын. Көп оқиды. Әдебиетті жақсы біледі. Өте сауатты, ойлы, мәдениетті, газет жеп қоя ма деп қорқамын. Менің бақытым газетте істемегенім» деп отыратын. Айтса айтқандай,

Қадыр аға қайтқанда, қаралы жиында Сауытбек Абдрахманов «Ең көп оқылған ақын» деп биік бағасын берді. Иә, уақытты солай пайдаланбаса, бәлкім, біз қазір Қадыр ақын туралы осылай жазар ма едік. «Адам ет пен сүйектен емес, жүйкеден жаратылған. Бәрі жүйкеге тиеті. Он минуттың өзі бір ғұмырға айналады ғой, өте шығады ғой дүние. Атақ та, абырой да жетеді, бірақ мүмкіндік жок. Сондықтан уақыттың қадірін Қадыр білуі керек» дейтін жарықтық.

Орыста Белинскийден асқан сыншы болды ма? Сол Белинский бірде Герцен туралы «умный талант» деп жазыпты. Шынында Белинскийдің сол сөзін Александр патшаның өзі растаған. Бірде патша министрлерін шақырып алып «бәрің өтірік айтасындар. «Полярная звезды» оқындар, мен бәрін содан аламын» депті.

Сол айтпақшы, талантты адамдардың өзі әртүрлі. Шындықты әркім өз деңгейінде, әртүрлі айтады, әртүрлі жеткізеді. Сол шындықты айту арқылы мінезі көрінеді, болмысын бағамдайсыз. Ал енді Қадырды оқыған адамның сол шындықпен нұрланып шыға келетіні рас қой. «Умный талант» деген осы емес пе?! Есенғали ақын бір сөзінде: «Қазіргі қоғамда кейін айтылатын сөздер көп» депті. Кім біледі, сөзді кім айтып тауысқан?! Ал Қадырды оқысаныз қазірге де, кейінге

де айтылтын сөз қалмаған тәрізді. Әсіресе, афоризмдерін айтамын. Оның газеттік емес, кітаби нұсқасын оқыған адам, одан бәрін табады.

Есениннің өліміне ұқсайды — Қалай дегенде де қазақтың кейбір біртуар тұлғаларының тағдыры да оңай болмаған. Кезеңнің құрбаны болғандар бар екені ақиқат десек те дәлелге келгенде тілімізді тістеп, күмілжіп қаламыз. Мәселен, балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың тағдыры туралы да әркім пікір айтылып жүр. «Жазмышта» Бекең басқаша қырынан көрініп еді... Сізде ол кісінің тағдырынан не хабар бар?

— Жакында мен «Жазмыштың» соңғы кітаби нұсқасын қайта қарап шықтық. Енді ол сол күйінде жариялануға тиіс. Көптеген өзгерістер енгіздім. Ең бастысы — толып жатқан жаңа мәліметтермен толықтырдым. Жасыратыны жок, енді бір естелік кітабын жазсам ба деген ойым бар. Соған байланысты қазақ жазушылары, өз замандастарым қақындағы кейбір дүниелерді кейбір тұстарда іркіп қалған да сәттерім жок емес-ті. Бірақ осы Бердібек ағамыздың өлімі туралы білетіндерімді, естігендерімді «Жазмышқа» кіргізгенді жөн көрдім. Ол кісінің өлімі жайында кезінде жарияланған хабар негізінен, қып-қызыл өтірік боп шықты. Мен оған өз басым кезінде де сенбегенмін. Әлі де сенбейтін жақтарым көп. Өз көздерімен көрген куәгерлердің айтуларына қарағанда, Бердібек Соқпақбаев асылып өлгенге ұқсайды. Әрине, асылып тұрған жерінен босатып алғандарына сенесін. Бірақ оның өз еркімен асылып өлгеніне бәрібір сенбеймін, сене алмаймын. Бұл өзі Сергей Есениннің өліміне ұқсайды. Ең соңғы құрылған комиссия ұлы орыс ақынын алдымен өлтіріп, сосын барып асып кеткен деген қорытынды жасады. Бердібек Соқпақбаев өзін-өзі өлтіретін адам емес-ті. Жалпы, күдік келтіретін өлімдер өте көп. Соның бірі — Жұбан Молдағалиевтің өлімі. Жұбаған ол кезде ешкім бәра алмаған батырлыққа барды. Жүрегің дауаламайтын, аузыңа сыймайтын алапат үлкен шындықты айтты. Содан кейін оның жер басып жүруге қақы болмай қалған болуы керек. Оның өлімі, не болса да, Колбиннің мойнында. Логика солай дейді. Әйтпесе оның ауруы кісі өлетін ауру емес-ті.

— «Жазмыш» осымен бітті ме? Әлде жалғастырмақ ойыңыз бар ма?

— Бітті деуге әбден болады. Діттеген жеріме жеттім. Мақсатым, негізінен, орындалды. Енді одан әрі мыжи бергенде не

шығады? Күйіс қайыру — малдың шаруасы. Малдың асылы — жылқы. Оның өзі күйіс қайырмайды. Рас, таза шығармашылық процесс ақындардың қайталанбас даралығы, мінез-құлқы, адами ерекшеліктері, өзгелерге түсініксіз табиғаты, шығармашылықтың құпия сырлары туралы да бірдене жазбақ ойым бар. Ол өз алдына жеке дүние, сөйте тұра «Жазмыштың» жалғасына да ұқсайды. Бірақ оның жазылу-жазылмауы бір ғана менің қолымда емес. Құдай біледі...

«ПАТШАЛАР МЕН ПӘТШАҒАРЛАРДЫ» ЖАЗБАҚШЫ ЕДІ

Екі алыптың сондағы кеңкілдей күлгенін еске алсам, дәл қазір де жүрегім жылып қоя береді. Екеуінің сол сәт жүректің шамындай болып төңіректі жап-жарық нұрға бөлеп жібергені есіме түссе, қазақтың жақсы-жайсандары бір-біріне ұдайы неге осылай жарық түсіріп жүрмейді екен деген ойдың да маңайын мамырлап кетесін. Қадыр аға «Жазмышты» жазғанда әлем қаламгерлерінің тағдырын қаузады. «Иірімді» жазғанда өзіміздің қаламгерлердің өміріне терең барды. Пендешіліктерін де жасырмай жазды. Кейін осы кітапқа байланысты Қадағаннан үлкен сұхбат алғаным бар. Сонда ақын: «Мен өмірге екі келмеймін

жағдайды білгенде кешіріммен қарар еді-ау деп және ойлаймын.

Бұл жолы келмесе кеткен көркем күндердің бір сәтін қаз-қалпында ғана көктей шолып айттық. Ақын туралы терең толғап жазар күн әлі алда. Әлі талайлар Қадыр туралы қалам тербейтініне шүбә жоқ.

Қазір қаралы көңіл бәріне сенгендей.

Бүгінде осы бір рухани тағдырлары ұқсас жандар салған азаптың ауылы да алыстап бара жатқандай еді. Солай екен ғой деп жүрген бір күні редакцияға бір қазақ телефон шалып: «Енді Қадырдың афоризмдері тоқтай ма?» деді.

Мен: «Өкінішке орай, Қадыр тоқтамайды ғой» дедім.

Телефон шалған қазақтың не кінәсі бар? Енді ақынның афоризмдерін оқымайтынын ойлағанда оның да өзегі өртеніп тұрған болар-ау.

Иә, Қадыр тоқтаушы ма еді. Бір де бір күні ойсыз, жазусыз өтпеген Қадыр тоқтаушы ма еді. Ол телегей-теніз, мұхит қой.

Білетіндер «Жұмақтың сегізінші есігі — сағыныш» дейді. Маңайыңнан мейірім маңып бара жатқан мына қасап заманда біреу біреуді сағынар ма екен?! Кім білсін?!

Ал, рухани әкеміз Қадырды сағынудың көкесі енді басталарына еш күмән жоқ. Ол бізді әлі талай-талай аңсататын болады.

барманыз, Қадыр алдыңыздан шығады. Қуанышта да, тіпті, қайғыда да Қадыр сөзі бізді демеп, жебеп жатады.

«Кім қарапайым жазады, оның оқырман-дары көп, кім күрделі жазады, оның тек түсіндірушілері бар» деген екен А.Камю.

Сол кісі айтпақшы, Қадыр күрделілікке ұрынып, түсініксіз болған жоқ. Қарапайым жазды, терең жазды, сонысымен есте қалды. Содан да болар, ол Сауытбек Абдрахманов айтпақшы, ең көп оқылатын ақынға айналды.

Қадыр ақынды даладағы бақташыдан бастап, жоғарыдағы ұлықтарға дейін жастанып оқуы да содан. Ұлықтар демекші, «Алматы ақшамында» ақынның афоризмдері өзі өмірден өткенге дейін жарияланды. Сонда талай шенеуніктің сол нөмірді жібермей оқығанының да куәсі болып едік.

Бүгінде тек біреудің аяғын басып, түнде көленке іздеп, кектеніп, тістеніп жазатындар ғана ақиқатты айтады деп есептейді қоғамның бір бөлігі. Бұл, шынтуайтына келгенде, мәдениетсіздіктің, білімсіздіктің салдары, әлсіздіктің белгісі. Айтқың келсе, биік парасатпен, зор біліммен айт. Талантыңды соған жұмса. Ұлтты өшірудің емес, өсірудің жолы осы. Ол үшін Қадырды оқу керек. Әсіресе, кекшіл құлдар оқыса дейсің. «Ақиқат жөтел сияқты, жыбырлап тұрар тамақта» деп өзі

етіп ұстанған Чеховқа бұл тән шығар, ал, шығармашылығының өнебойында бір фальш табылмаған Қадырдың қандай дана редактор болса да, қысқартатын бір жол таба алмас еді. Қадыр сонысымен Қадыр еді ғой.

«Күніне бір рет езу тартып күле алмасаң, онда ол күнің зая» депті ғой Гюго. Ал, біздің Қадаған күлкінің де кені еді ғой. Кейде тұнжыр күндерде Қадағана телефон шалсаң болды, әйтеуір, бір сөз тауып айтып, көңіліңді де, көзінді де шайдай ашар еді. Жай айта салған сөзінің өзі де біз сияқты газетшілерге бір тақырыпқа жүк болар еді. Бір мысал айтайын.

Таяуда сайлау науқаны аяқталды. Мен Алатау ауданының №26 сайлау округінен қалалық Мәслихатқа депутаттыққа түстім. Сол күндері Қадыр ағаны жиі есіме алдым. Сайлаушылар тарапынан түрлі сұрақтар қойылды. Біріне берген жауабың тапқыр шықса, енді біріне жалпылама жауап бересің. Сондайда «шіркін, қасымда Қадыр аға болғанда қалай қатырып жауап берер еді» деп те ойлаймын. Бір кездесудің соңында бір кісі менің шыққан тегіме қызығушылық білдірді. Ол кісіні кінәлаудың қажеті жоқ. Бұл да болса қазақтылықтан қалған бір белгі ғой. Әйтсе де сол сәтте Қадағанның бір әзілі тіл ұшында тұрса да, ол кісіні естімеген болып, әлдекімдермен сөйлескен болып, сұрағына жауап бермей кеттім.

Ол қандай әзіл еді?!

Қадыр аға қайсыбір жылы өзінің туған өңірі Орал жақтан Жоғарғы кенеске депутаттыққа түседі. Облысты аралап келіп, өзі туған ауданға келеді. Жұрт жапырылып қарсы алады. Дембіл-дембіл кездесулер өтеді. Сондай бір кездесуден соң дастархан үстінде бір совхоз директоры руын сұрап қоймайды. Қадаған естімеген болып отыра береді. Сәлден соң ел аяғы басылып, онша қалғанда, енді сәті келген шығар деп совхоз директоры әлгі әңгімені қайта бастайды. Сонда Қадаған: «Әй, бауырым, депутатта ру болса болатын шығар, ал, депутатқа кандидатта ру болмайды» депті.

Міне, «қайда барсаң да Қадыр алдынан шығады, талайларды Қадыр құтқарып жүр» деген сөзге мұндай мысалдар жетіп-артылады.

Осындай адамды өлді деуге бола ма? Ақынның ең соңғы өлеңі «Жоқ, өлмеймін!» деп аталады.

Дананың аты — дана. Біз секілділердің күйбең тірлікпен қалам тартуға уақыты бола қояр ма екен деді ме, өмірінің соңғы күндерінде жазған өлеңінде де өзі айтып кеткен екен:

Көк дауылмен жағаласып кемеміз,
Көк мұхитта қақпақыл боп келеміз.
Өстіп жүріп бір күні
Өлеміз-ау, Өлеміз-ау,
Өлеміз!

Кейбіреулер соны неге ұқпайды, Қадалады жүрегіме мық-қайғы. Мен де өлемін, Менің бірақ есімім Жазушылар тізімінен шықпайды!

Пендемің ғой,
Тау болсам да шөгер ем,
Гүлдей солам,
Бірақ қайта көгерем:
Тірілердің көзіне оттай басылар,
Талай-талай немерем мен шөберем.
Өліп-өшкен ғашық жігіт
Күніне

Мендік көзбен қарар сүйген гүліне.
Мен болмаспын,
Бірақ сөзім оралар
Сайрап тұрған шешендердің тіліне.
Жүрек неге,
Өкпе неге алқынды?
Қимайды ма өте шыққан бал күнді?
Әдемі әзіл бір кездері мен айтқан,
Әлі талай да күлдірер халқымды.
Амал қанша!
Татар дәмім таусылды,
Қабірстан құшағымен қаусырды...
Жоқ! Өлмеймін!
Елім талай естиді
Лентаға жазып алған даусымды!
Кейбір жырым дән ұшырып қырманда,
Кейбір жырым бақташы боп жүр манда.
Жоқ! Өлмеймін!
Правом жоқ өлуге,
Сөз сыйлайтын халқым аман тұрғанда!
«Ұлылардың туған күні ғана болады, өлген күні болмайды» деген рас.

КҮНДЕР

Ақын Қадыр Мырза Әли туралы үзік сыр

ҰЛЫЛАРДЫҢ ӨЛГЕН КҮНІ БОЛМАЙДЫ

Бала Евтушенко Пастернактың үйіне жиі барады екен. Оның келгенін ақынның әйелі жақтырмайтын көрінеді. Өйткені, әр келген адам көңіл-күйін бұзып кететін болса керек. Евтушенко сонда да түрлі сылтау тауып келе береді. Тіпті, оны бір күн көрмесе тұра алмайтын күйге жетеді. Ал, Пастернактың жағдайы қиын. Артына шала байланған кез. Ұлы ақынның әңгімесіне әбден ұйып, есі кеткен бала ақын бір күні оның ашулы сәтіне тап болады. Әңгіменің бір шырқау сәтіне келгенде ұлы дарын: «Мен туған күнімді өле-өлгенше жек көремін» дейді.

Осы сөздің астарын бала ақын Евтушенко жылдар өткен соң түсініп, ұлы естелік жазды. Бұл әңгімеден қандай сыр аңдауға болады? Ұлы ақын туған күнін қанша жек көрсе де, өлген күні ертесіне-ақ аңызға айналғанын сезді ме, сезбеді ме, ол жағын кім білсін, бірақ Нобель сыйлығын иеленіп, тарихта қалды. Қазір есімі тарихи тұлғалармен қатар жиі аталады. Бүкіл қазақ жақсы көретін Қадыр Мырза Әли туралы ойлағанда мен де сол Евтушенконың күйін кешемін. Әрине, жан дүниеміздегі қайшылықтарда ұқсастық болмаса, Евтушенко қайда, біз қайда, мүлдем басқамыз ғой. Бірақ, Пастернактың парасатына бас иген Евтушенкодай болғанмыз рас.

Қадыр ағаның қасында көп жүрдік. Жәй жүріп қойған жоқпыз, көп әңгімесін көңілге түйдік. Өзі кейде «мен жақсы ақын болмаған күнде жақсы оқырман болатын едім» деуші еді. Біз де, бәлкім, жақсы тыңдаушы, оқырман болған шығармыз, өйткені, ақын туралы әрдайым айтқымыз келеді де тұрады. Ол кісінің белгілі, белгісіз нәрсеге, жұмбақ жаратылыстарға, құбылыстарға деген көзқарасы, пікірі, жауабы әркез дайын тұратын. Себебі, Құдай берген дарынымен қоса, ұшан-теңіз білім иесі еді. Кім өзін қаражаяу сезінсін, әйтсе де біз тосылған болсақ, осы кісінің алдында әңгіме айтуға, білгішсінуге тосылған шығармыз. Шығармыз емес, шын мәнінде солай.

Бүгінде қазаққа «Қадыр айтқандай» деп басталатын әңгіме көп қалды. Қайда



айтпақшы, ақиқаттың көкесін Қадырдай айтып кеткен ақын көп те емес, аз да емес қазақта.

Қадыр бәрін айтып кеткен. Поэзиялық туындыларын былай қойғанда, «Иірім», «Жазмыштың» өзі не тұрады! «Алмас жерде қалмас» атты афоризмдер кітабын оқыған адамның жоғары оқу орнын бітіруі міндетті ме, жоқ па деп те ойлаймын кейде. Бүгінде ойын-тойда, үлкен форумдарда жиі шырқалатын «Атамекен» әнінің әуенін былай қойғанда, сөзіне қарадан-қарап көңілі босаған жандардың талайын көрдік. Бірде бір дәрігер достың «күннің өзі ұясына, қимай оны батады екен» деген сөзіне қатты толқығанының куәсі болып едім. «Осындай сөз жазған адамдар да жер басып жүр-ау» деп еді әлгі дос. Ол-ол ма, осы әннің сөзінің күлдіретімен елге оралған қандастарымыз да бар.

Қадыр — телегей-теніз. Оның артында қалған аса бай өз рухани мұрасы, жиған кітаптары, егер өз атына кітапхана беріліп, не мұражай-үй ашылса, қазынаның қазынасы сол болар еді. Бұл Қадырын сағынған ел үшін де қазына аралы болар еді. Қазына дегеннен шығады, «Қазыұрт» баспасы қайсыбір жылы Қадыр Мырза Әлидің 18 томдық таңдамалы шығармалар жинағын шығарды. Осы еңбек баспаға әзірленіп жатқанда біреу Қадекеннің еңбектерінің 18 томға жететініне күдік келтірсе керек. Әлгі пақыр сол 18 томға Қадағанның 10 томнан асатын аудармалары сыймай қалғанын қайдан білсін. Бірде Чеховқа бір оқырман «Не арманыңыз бар?» деген сауал қойыпты. Сонда Чехов: «Бір арманым — 28 томды 8 томға түсіре алмай барамын» депті. Толстой қысқа жазуды армандаса, қысқа жазуды өзінің басты қағидасы

На территории Казахстана с помощью микролитов изобрели лук, стрелы, вкладышевые орудия труда и тем самым создали условия для одомашнивания диких животных и развития земледелия, переход к которым называют неолитической революцией.

А в это время во многих частях Земли о металле и не знали, использовали только каменные орудия, т.е. жили в каменном веке. О том, как человечество вырвалось из каменного века, мы беседуем с исследователем Торегали Казиевым, автором книги «Триумф Казахстана», чье интервью «Торегали Казиев: Казах держал на плечах Небо!» на сайте «qazaquni.kz» имело успех.

О «КАЗАХСКОЙ»
МЕТАЛЛУРГИИ МАЛО
КТО ЗНАЕТ

— Токе, а что такого сделали предки казахов, что вырвали мир из каменного века?

— Древнекаменному веку (палеолит) отводят 3 млн лет. Конечный его период — верхний палеолит. Затем — мезолит (среднекаменный век), неолит (новый каменный век), сменившийся энеолитом (меднокаменный век). Затем — бронзовый век, а первое



тысячелетие до н.э. по 4-й век нашей эры — ранний железный век. Развитие шло неравномерно — вот, в 6-м тысячелетии до н.э. где-то уже всюду, в т.ч. в Казахстане (С.Богданов), пользовались своими металлоизделиями, а во многих частях Земли о металле и не знали, использовали только каменные орудия, т.е. жили в каменном веке.

Наукой установлено, что металлургии миру подарили евразийские охотники и скотоводы, и все металлургические термины у древних народов мира имели тюркские корни. Об этом писал еще в 1973 г. в книге «Джезказган — металлургический центр» академик Алкей Маргулан, в 1946-1974 гг. возглавлявший Центрально-казахстанскую археологическую экспедицию.

— Почему об этом мало кто знает?

— Ответ — до сих пор история наша трактуется на основе учебника «История Казахской ССР» от 1943 г., написанного эвакуированными в Алма-Ату москвичами. В рецензии к рукописи которого ученые Казахского филиала АН СССР 10 октября 1942 г. отметили, что «рукопись в таком виде не может быть рекомендована как учебник» (журнал Алаш. 2006. 2. с. 104). Например, Е.Исмаилов писал: «в этом учебнике, в 15 веке, словно с неба, появляется казахский народ»; А.Маргулан: «... это клевета, ложь, ничего общего не имеющая с действительной историей... вводит в учебник весь



Торегали КАЗИЕВ:

ПРЕДКИ КАЗАХОВ

ВЫРВАЛИ МИР ИЗ КАМЕННОГО ВЕКА!

этот суррогат вредно и научно неверно». Но местных историков в 20 веке не слушали, расстреляли (А.Бокейхана, М.Тынышбаева, С.Аспандиярова, Шакарима и др.), сажали, травили.

После войны учебник 1943 г. расширили, в 1952 г. одного из авторов расширенного учебника, Е.Бекмаханова, осудили на 25 лет, внесенное им выкинули. После смерти Сталина освободили, умер историк в 51 год от нажитых в лагерях болезней, сказав: «Үлгере алмай кетіп барам, кешіріңіз!» — «Не успев, ухожу, простите!» Момышулы высек надпись на его могиле: «Қадірінді білмеппіз ғой тірі кезде, деп боздар сорлы казак мен өлгенде» — «Не оценили мы тебя при жизни, — восплачет казах-бедняга, когда помру».

С.Аманжолова, автора казахской кириллицы, возможно, убили в 1958-м, через 6 дней после написания книги «Вопросы истории и диалектологии казахского языка», удалив из Академии наук, бичуя на собраниях, — за строки, что казахский язык (и русский тоже!) живет с первобытных эпох. По большевицкому указу казахи родились в 15 в., русские — в 9-м...

Маргулан тоже сидел, чудом выжил. Многие труды отобраны, вымараны, потеряны. Как и труды С.Аманжолова и др. Исчезли книги М.Копеева, сданные в печать. Сегодня — свобода, но история казахов из вузов выкинута, изучение и преподавание сворачивается.

В ДРЕВНЕМ УРАЛЕ И
КАЗАХСТАНЕ СОЗДАНА
ОСНОВА МИРОВОЙ
ЦИВИЛИЗАЦИИ

— Что такое микролиты?

— Археолог Матюшин Г.Н. объясняет: «Микролиты — это маленькие камни, которые по-



явились в верхнем палеолите на Южном Урале и распространились по всем регионам Евразии. Имеют правильную геометрическую форму: трапеции, треугольника, ромба и т.д. Стороны их всегда скошены под одним углом. Ученые считают, что микролиты в 100 раз острее хирургических инструментов. Их и сейчас используют в микрохирургии. Микролиты были вставлены в пазы, идущие вдоль лезвия костяного кинжала. Вкладыши из ножевых пластин были вставлены и в другие орудия из дерева и кости. На стоян-



Орудие с наконечником из микролитов

ке Янгелька был найден жатвенный нож с микролитами... В палеолитической стоянке Ямазы Таш пещере в 14-13 тысячелетиях до н.э. микролиты составляли половину орудий... На стоянке Янгелька их было 7000, Мысовая (Урта Тюбе у оз. Карабалыкты) 5411, Суртанды — 4238, Мурат — более 4000 и т.д.». То есть 15, а может, и 20 тысяч лет назад в урало-казахстанском регионе работали заводы по изготовлению вкладышевых орудий (копий, ножей, кинжалов, луков и стрел, жатвенных ножей и т.д.), повысивших производительность труда в 60 раз (А.Нарымбаева, с. 637)! На стр. 116: «Коза и овца одомашнены в восточном Прикаспии раньше, чем на Ближнем и Среднем Востоке».

— Одомашнивание диких животных связано с микролитами?

— Да. По археологической на-

уке, около 3 млн лет люди охотились на диких животных, собирали готовые плоды. И так было бы еще миллионы лет, но какие-то технологические гении, с помощью микролитов, изобрели лук, стрелы, вкладышевые орудия труда и тем самым создали условия для одомашнивания диких животных и развития земледелия, переход к которым называют неолитической революцией (А.Нарымбаева. Туран — колыбель древних цивилизаций. с. 94). И эти кто-то, оказалось, жили на территории Южного Урала и Казахстана!

Британский ученый Дж. Мелларт писал, что около 12 тысяч лет

назад на Ближнем Востоке, считавшемся ранее родиной мировой цивилизации, начали применять новые орудия, микролиты, часто геометрической формы и пользоваться луком и стрелами. И пришла та микролитическая культура с севера, из казахстанских степей, по восточному Прикаспию (Дж. Мелларт. Древнейшие цивилизации Ближнего Востока. М., 1982).

— Какие факты есть о вышесказанном?

— Например, «обнаруженные в Зарзи (Месопотамия) изделия



Скифский всадник

изготовлены из яшмы, которая залегает только в яшмовом поясе в Южном Зауралье, в Северном Казахстане (Атбасарском р-не Кокшетауской обл. и в Актюбинской области) и в Центральном Казахстане (сопки урочища Коскудук и Шабынды сложены из яшмы). На этих стоянках все микролиты из яшмы. Из озера Карабалыкты распространялись яшмовые микролиты по всему свету... По определению английских классиков археологии Гордона Чайльда и Грехэма Кларка, те люди, которые делали такие микролиты, создали всю мировую цивилизацию» (Г.Н.Матюшин. У истоков цивилизации. М., 1992).

— А как насчет земледелия?

— Опять из Матюшина Г.Н.: «Янгелька (11-9 тыс. до н.э.)... зернохранилище, жатвенный нож — говорят о земледелии на 4 тысячи лет раньше, чем в Чатал Гююке (Турция)... Из озера Зюраткуль (на Урале) в жилище 9-6 тыс. до н.э. нашли мотыгу из кварцита».

То есть 13 тысяч лет назад земледелие в урало-казахстанском регионе было. Стыкуются сведения и с утверждениями кавказских археологов на Арало-Каспийской конференции в Актобе о том, что согласно открытым на Устьурте каменных загонов для скота на Устьурте было скотоводство еще в ледниковый период, т.е. более 12 тысяч лет назад (Магомедов М. и

др. Каспийская Атлантида/Научная мысль Кавказа. 1994. 4).

Авторство степняков в изобретении микролитов и металлургии установлено благодаря памятникам... И в развитых странах берегут свои памятники. К примеру, в Англии ни одна земляная работа не начинается без санкции археологов. Одних коммерческих археологов, исследующих места будущих строек, более 3000 — их раскопки финансируют арендаторы.

— А как у нас с памятниками?

— А у нас пока к древним историческим памятникам отношения никакого нет — будто их нет. Например, в Актюбинской области, где территория больше, чем у Англии, всего 6 археологов, а на весь Казахстан не наберется и 150 археологов. Разве с таким количеством кадров можно конкурировать с европейской наукой? Поэтому

наши знания фрагментарны и многие белые пятна остаются неисследованными.

Нынешнее время можно назвать «эпохой obsługi нефтяных труб». Ведь следы прошлого уничтожают в основном нефтяники, газовики и другие добытчики сырья. Взав землю в аренду, никого не подпускают. Разве памятники древности нужны только археологам? Нам тоже надо беречь свои Стоунхеджи.

Изучение и описание истории — это борьба за души людей. Исчезают те народы, где борьба проиграна. Наш народ держался тысячи лет, так как каждый казах знал наизусть эпос и шежіре, владел домброй и сочинял стихи... Но в 1930-х гг. погибла половина народа и почти вся мыслящая элита, казах стал терять язык и историческое самосознание.

— Что нам делать?

— Тысячелетиями казахи пили кумыс и не знали туберкулеза; сейчас знают. Если большевики порвали связь времен, то сегодня нужно эту связь восстанавливать. И пить кумыс. Иметь в каждой семье не меньше ста книг казахского эпоса, истории и культуры. И сто книг науки, технологий, истории и культуры народов мира. Соответствовать предкам, возглавлявшим мировую прогресс. В 21-м бурном веке отставшие слабые страны исчезнут с карты мира. Нужно быть сильными и развитыми. Японцы, китайцы, корейцы на дни рождения дарят книги. Евреи каждую субботу семьями читают и обсуждают книгу истории своего народа.

Казахам (тюркам) есть что изучать и сохранять. В яшмовом поясе, где делали первые микролиты, до 15 века не было ни одного народа, кроме предков казахов, башкортвов и татар. И с 14953 года до н.э. жители Жидели Байсына (Идель, Туран) звали себя «казак». Так говорят болгарские летописи.

История порождает вопросы: Каков путь и в чем миссия в целом у человечества и, в частности, у казахского народа? Есть ли у него шансы для нового подъема и развития? И на такие вопросы мы должны знать ответы...

— Торегали Абдуллаулы, большое спасибо за интервью!

ПАРЛАМЕНТАРИЙ АЗАТ ПЕРУАШЕВ: СЛЕДИТЬ БУДЕМ СТРОГО

Дело трагически погибшей в Москве студентки МГИМО Томирис Байсафа взято под контроль депутатами казахстанского мажилиса и Госдумы России. Расследование инцидента, ставшего причиной смерти казахстанской студентки, будет проходить под контролем народных избранников двух стран. Такое обещание газете «Время» дал руководитель фракции партии «Ак жол» в мажилисе Азат ПЕРУАШЕВ.



Имя 21-летней Томирис Байсафа стало известно на всю страну в апреле, когда девушка выпала из окна 4-го этажа учебного корпуса Московского госинститута международных отношений (МГИМО). Сначала была выдвинута версия, что казахстанскую студентку вытолкнул вниз дагестанский парень Магомед КОТИЕВ, однако впоследствии выяснилось, что он не имел к инциденту никакого отношения. Позже всплыло имя другого студента МГИМО — Муртазали МЕДЖИДОВА, сына высокопоставленного чиновника из Дагестана. В интервью газете «Время» мама Томирис Жанна АХМЕТОВА подтвердила, что ее дочь и Муртазали связывали близкие отношения, но девушка хотела их прекратить (см. «Хороший мальчик, плохая девочка?», «Время» от 19.5.2018 г.).

Интервью Жанны не только вызвало общественный резонанс, но и не прошло мимо депутатов мажилиса. Руководитель парламентской фракции партии «Ак жол» Азат Перуашев в разговоре с корреспондентом «Времени» высказал желание помочь семье погибшей девушки.

— Депутаты нашей фракции внимательно относятся к защите законных прав и интересов казахстанцев не только в нашей стране, но и за рубежом, — пояснил Перуашев. — Могу напомнить прошлогодний запрос «Ак жола» о возвращении в Казахстан группы молодых людей, пострадавших в ДТП в Турции, наши недавние обращения в МИД и МВД о судьбе оралманки Жайнагуль ГАЖАПКЫЗЫ, которой, несмотря на ее беременность, отказали во въезде в страну и воссоединении с мужем и ма-

КСТАТИ
Как сообщила Жанна АХМЕТОВА, расследование уголовного дела по факту гибели ее дочери Томирис взято под контроль генеральным прокурором Казахстана Кайратом КОЖАМЖАРОВЫМ. Глава надзорного ведомства направил соответствующее письмо председателю следственного комитета России Александру БАСТРЫКИНУ.

леньким сыном, а также другие случаи. Мы считаем, что казахстанцы за рубежом должны находиться под защитой своего паспорта и имеют полное право на поддержку нашего государства в любой, самой трудной и драматичной ситуации.

— История о том, как столь драматично оборвалась жизнь Томирис, никого не оставила равнодушной, это страшная трагедия, и мы глубоко соболезнуем семье талантливой студентки, ее близким и друзьям, — продолжил Азат Перуашев. — А последовавшие публикации об опасениях мамы девочки в необъективности и, мягко говоря, странностях следствия вызвали озабоченность многих неравнодушных людей. Поэтому, когда семья Томирис обратилась к нам с просьбой о содействии, мы не могли остаться в стороне.

Процесс уже запущен — депутаты мажилиса попросили своих российских коллег взять под контроль расследование гибели нашей молодой соотечественницы.

— В ходе состоявшегося на днях визита в Москву казахстанской парламентской делегации во главе со спикером мажилиса Нурланом НИГМАТУЛЛИНЫМ по моей прось-

бе председатель комитета по международным делам Мухтар ЕРМАН обсудил этот вопрос с сотрудниками казахстанского посольства в Москве, где нас заверили, что отечественные дипломаты держат руку на пульсе и делают все необходимое в рамках своих полномочий, — подчеркнул лидер фракции «Ак жол». — В то же время, понимая, что возможности дипломатов строго регламентированы (ведь никакое государство, включая наше, не позволит вмешиваться в работу своих правоохранительных органов иностранным представителям), решили не ограничиваться этим разъяснением. В ходе встреч с депутатами Госдумы России я поднял вопрос объективности расследования данной трагедии с нашими коллегами по межпартийному сотрудничеству из фракции «Справедливая Россия», с которой у партии «Ак жол» есть подписанный в прошлом году меморандум о сотрудничестве и взаимодействии.

Более того, как выяснилось, есть даже конкретный депутат в Государственной думе России, который будет заниматься делом казахстанской студентки.

— Мы с заместителем руководителя фракции эсеров Олегом НИЛОВЫМ договорились, что они направят генеральному прокурору РФ официальный депутатский запрос с требованием обеспечить всестороннее, объективное и непредвзятое расследование обстоятельств гибели нашей студентки, невзирая на имена и должности лиц, причастных к этой трагедии, — отметил Азат Перуашев. — Олег Нилов — авторитетный депутат, неоднократно признававшийся российскими СМИ одним из самых эффективных членов Госдумы. Он попросил нас сформировать пакет необходимых в рамках российского законодательства документов для запроса, эту просьбу мы передали семье Томирис. Кроме того, для соблюдения парламентских процедур фракция «Ак жол» направила сегодня соответствующее официальное обращение председателю партии «Справедливая Россия», руководителю ее фракции в Госдуме Сергею МИРОНОВУ. Надеемся, что справедливость восторжествует.

Михаил КОЗАЧКОВ,
Алматы

Қазыбек ИСА:

КАК БЫ АКИМ НЕ БОЖИЛСЯ, ЭТО БЮСТ ЛЕНИНА, А НЕ АБАЯ!

Видео бюста Абая, опубликованное в социальных сетях, вызвало возмущение национал-патриотов. Многие считают это кощунством и издевательством над памятью великого поэта и философа, пишет национальный портал Qazaquni.kz.

ИСТОРИЯ БЮСТА

«Этот бюст установлен на территории школы-гимназии №6 в городе Степногорск Акмолинской области.

— Раньше здесь стоял бюст Ленина. А теперь, одев на голову бронзового вождя мирового пролетариата тибетейку, власти говорят, что это Абай. Что за кощунство! — пишет автор видео.



Аким города Степногорск Ануар Кумпекеев прокомментировал скандальную ситуацию.

По словам градоначальника, бюст, ставший предметом всенародного обсуждения в социальных сетях, появился почти 40 лет назад. До его установки бюста Абая на территории школы не было никаких памятников.

— Средняя школа № 6 в городе Степногорск была открыта в августе 1977 году. Тогда же решением Министерства просвещения Казахской ССР школе было присвоено имя Абая Кунанбаева. Через два года в городе Алматы был отлит бюст великого поэта и писателя.

В октябре 1979 года он был доставлен в город Степногорск и согласно плану архитекторов установлен на площади перед школой №6, — заявил Ануар Кумпекеев.

ЭТО НЕ АБАЙ!

Как бы аким не божился, но это не бюст Абая!

Это я заявляю как поэт и художник с высшим образованием.

Именно в том 1979 году, когда был установлен этот памятник, я поступил на художественно-графический факультет Казахского педагогического института, носящего имя великого Абая, и закончил его в 1984 году (в год рождения акима Степногорска).

Об этом говорят не только художники-скульпторы, но и



простые казахстанцы, которые хотя бы раз увидели этот бюст.

В социальных сетях накаляются страсти, растет негодование пользователей. Люди возмущены, что великого казахского поэта и мыслителя изобразили как две капли воды похожим на вождя мирового пролетариата.

КТО ИСПРАВИТ
СИТУАЦИЮ?

Чтобы узнать мнение своих коллег-художников, я разместил фотографию бюста в общий чат выпускников художественно-графического факультета КазПИ. Все они возмутились, заявив:

— Это же Ленин в тибетейке, никакого сходства с Абаем!

Это же кощунство, разве можно так издеваться над памятью великого поэта?!

Когда мы обратились к своим знакомым, проживающим в городе Степногорск, они обрадовались и заявили:

— Хорошо, что вы взяли за это дело, а то мы устали говорить, что это не бюст великого Абая, а Ленин в тибетейке. Надеемся, теперь что-то изменится. Мы будем только рады.

Если заказчики бюста, власти города Степногорска или руководство школы-гимназии действительно поверили, что это бюст Абая, скульптор ловко обвел их вокруг пальца.

Если рассуждать с точки зрения логики, готовых бюстов Ильича в те годы было больше всего. Возможно, один из скульпторов-умников неудачно изменил готовый бюст вождя пролетариата, пытаясь превратить его в казахского поэта.

Горе-художник даже не попытался изменить лицо, глаза, брови, имеющие индивидуальные особенности.

Надеемся, что аким Акмолинской области Малик Мурзалин исправит эту нелепую ситуацию. Ведь аким Степногорска Ануар Купекеев за три года своего акимства этой проблемой заняться так и не удосужился.

В свою очередь, редакция национального портала Qazaquni.kz будет следить за дальнейшим развитием событий до полнейшего разрешения этой нелепой ситуации», — заключил автор Қазыбек Иса.

ПРЕЗИДЕНТ БАСТАМАЛАРЫ ЖАСАМПАЗДЫҚҚА ҮНДЕЙДІ

Еліміздің пәтуәлі әрі ынтымақта өмір сүруі, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының көреген саясатының нәтижесі. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған әрбір Жолдауы, бағдарламалық бастамалары бүкіл қазақстандықтардың жақсы өмір сүруіне бағытталғанын нәтижесі көрсетіп келеді.



Бақытжан МҰХАМЕДЖАНОВ,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің
вице-президенті, п.ғ.д., профессор

Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың таяуда жариялаған «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуі халық арасында үлкен қолдауға ие болып отыр. Әрбір бастаманың әлеуметтік маңызы өте зор.

Президенттің халыққа үндеуіндегі үшінші бастамасы «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту» деп аталуының үлкен мәні бар.

Қазір еліміздің жоғары оқу орындарында білім алатын жарты миллионнан астам жастардың, 30 пайызға жуығы мемлекет бөлген грантпен білім алатынын білеміз. Ел Үкіметінің мемлекет бюджетінен арнайы жастар үшін бөліп отырған бұл қаржының келешекте Отанымыздың игілігі үшін қызмет ететіні белгілі.

Бүгінгі ғылыми-технологияның шарықтап дамып жатқан тұсында әлемдік

университеттердің оқу базасына теңестірілген білім ошақтарының елімізде күн сайын артып келе жатқаны бізді қуантады. Еліміздің білім мен ғылым саласына қамқорлық танытып, әрбір жыл сайын бөлінетін қаржының мөлшерін ұдайы арттырып отыруы тектен тек емес. Білім мен ғылымның салтанат құратын ғасырында бұл салынған қаржының қайырымы еселеп қайтары анық.

Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттыру үшін бірқатар шараларды ұсынып отырған «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» 54 мың грантка қосымша 2018-2019 оқу жылында тағы 20 мың грант бөлуі барлық ел тұрғындары үшін зор қуаныш сыйлап отыр.

Бұл 20 мың Отаншыл Қазақстан жастарының сапалы білім алуына, мемлекет қолдауында өздерін қамқорлықта сезінуіне мүмкіндік туғызады. Сондай-ақ, еліміздің Жоғары оқу орындарына үлкен қаржылық ресурс болып табылады. Әрбір білім грантына ие болатын жастың ертеңгі білікті маман болуына ықпал етіп отырған бұл бастаманың маңызы әрине айрықша.

Қазақстан тауу жылдарда 30 дамыған елдің қатарына қосылуға ұмтылыс жасап отырған қарқынды дамушы ел ретінде үлкен жобаларды қолға алған мемлекет. Бүгінгі таңда өндірісі мен өнеркәсібі қалыпты жетіліп келеді. Мұндай жағдайда техникалық бағыттағы кадрлардың тапшылығы алдымыздан шығатынын жақсы болжап отырған Н.Назарбаев осы саладағы мамандарды күні бұрын даярлауды тапсырып отыр.

Президентіміз жастарға сапалы білім берумен қатар оларға жақсы жағдай туғызуды ескере келіп 2022 жылдың соңына дейін студенттерге арнап кемінде 75 мың орындық



жаңа жатақхана салуды тапсыруы жастар үшін үлкен қуаныш. Білімгерлердің алаңсыз білім алуына жағдай жасаудың түпкі мақсаты сапалы білім мен бәсекеге қабілетті маман әзірлеу болып отыр.

Киелі Түркістан топырағында бой көтерген Ахмет Ясауи университетіне бүгінде 27 жыл толып отыр. Қазіргі таңда университет қабырғасында 7802 білімгер оқып жүр. Мұның қатарында 3533 студент мемлекеттік грантта оқиды. Осы жылы Президент бастамасына сай грант иегерлерінің саны артады деп күтілуде.

Халықаралық дәрежедегі оқу орнымыз үшін жыл сайын Қазақстан Үкіметі тарапынан Түркі әлемі жастары үшін 200 грант берілетінін мақтанышпен айта аламыз. Сондай-ақ, Түркия тарапынан қазақстандық жастар үшін арнайы бөлінетін түркия квотасында қазіргі күні 2300 студент білім алады.

Осылайша университетімізде оқитын білімгерлердің жалпы санының 75 пайызы тегін білім алуға қол жеткізіп отыр. Осы ретте оқу орнымызға қолдау білдіріп отырған Қазақстан және Түркия Үкіметіне университет білімгерлері мен ұжымы атынан алғысымыз зор.

Мұнымен қатар оқу орнымызда білім алатын жатақханаға зәру жастардың 69 пайызы сапалы студенттер үйімен қамтамасыз етіліп отыр. Таратып айтар болсақ оқу орнының Түркістан, Шымкент, Кентау қалаларындағы жатақханадан орын сұраған 5056 студенттің, 3,5 мыңы орынмен

қамтылған. Президентіміздің жастарды әлеуметтік қолдауға бағытталған бастамасына сәйкес алдағы жылдары оқу орнымыз жаңа жатақханалар салуды жоспарлап отыр. Біз осылайша жастарымызға Президент тапсырамасына сай жағдай туғызуды басшылыққа аламыз.

Президент Н.Назарбаев әлеуметтік бастамасының келесі тапсырмасы техникалық бағыттағы мамандарды даярлауды күн тәртібіне қоюы. Бұл Елбасының келешекте тапшылығы сезілетін кадрлар мәселесін күні бұрын болжауы деп түсінеміз.

Алдағы жылдары университетте ауыл шаруашылығы, сәулетші, құрылыс инженері, тау-кен ісі, азық-түлік өнімдерінің технологиясы секілді мамандықтарды ашуға болады деп ойлаймын. Себебі, біздің айналымызда агросекторда, азық-түлік өндірісінде, кондитерлерде, құрылыс саласында, электр-энергетика, тау-кен ісінде, уран өндірісінде білікті мамандар тапшылығы бары сезіледі. Атап айтар болсақ Құмкөл, Таукент, Шиели, Шалқия, Табакбұлақ және т.б. кен ошақтарына кадр дайындауға оқу орнымыз толықтай қауқарлы.

Қазақстан жер көлемі және жер асты байлығы мол ел. Мұны игеру үшін бәсекеге қабілетті сапалы мамандар ауадай қажет. Осы ретте бұл тығырықтан шығудың тың жолын мензеп отырған «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» дер кезінде ұсынылып отыр. Мұның іске асуына әрбіріміз де мүдделіміз.

■ КӨКЕЙКЕСТІ

«ӘКЕМДІ ҚАЙТАРЫП БЕРІҢІЗШІ, НҰРСҰЛТАН АТА!» – әкесі Қытай түрмесінде отырған сәбидің жанайқайы

Алматыдағы «Қазақстан» қонақ үйінің мәслихат залында өткен іс-шараны дәл осылай атауға болады. Өйткені, «Атажұрт» қоғамдық ұйымы өткізген жиында Қытай Халық Республикасында жазықсыз жапа шегіп, заңсыз қамауға алынған қандастарымыздың балалары тиісті орындардан әкелерін босатуға көмек сұрап, зар жылады. Қазақ елінің оңтүстік астанасына осындай елу тірі жетімді ертіп келген қамаудағы азаматтардың әйелдерінің де шайлығып, мүлде дәрменсіз күйге түскені байқалды.

Қытайда әке-шешелері қамауда жатқан елу балаға Серікжан Біләш, Қыдыралы Оразұлы бастаған «Атажұрт» қоғамы мүшелері сый-сияпат жасап, көңілдерін аулады. Германиядан Өмірхан Алтын да арнайы келіп, сыйлық үлестірді.

Шараны ұйымдастырушылар Қайрат Байтолла, Қыдырәлі Оразұлы және басқалары да оқиғаны: «Бұл – баланы әкесінен, зайыбын күйеуінен айырған сұмдық. Адамзат тарихында сирек ұшырасатын қасырет. Қытайдың азшылық ұлттарды езгіге салып, қорлауы бүгінгі таңда бүкіл әлемге әйгіленсе де, кейінде тіпті өршеленіп барады. Сол себепті мұндай қисынсыздыққа тосқауыл қоятын кез жетті» деп бағалады.

Жиынға қатысқан белгілі қоғам қайраткері, көрнекті журналист, республикалық «Президент және халық» газетінің Бас редакторы Марат Тоқашбай:

– Балаларды қорғаудың

Халықаралық күні қарсаңында өткізіліп отырған бұл іс-шараның маңызы өте зор, – деді. – Қытай Халық Республикасының билігі біздің қандастарымызды қуғын-сүргінге салып, абақтыға жауып, түрмелерге қамап, қорлауды жалғастыруда. Бұл дүние жүзіндегі ешбір заңға, ешбір қисын, қағидаға сәйкесетін әрекет емес! Біріккен Ұлттар Ұйымы 1948 жылы желтоқсанның 10-ы күні Адамзат құқын қорғауға қатысты арнайы Заң қабылдағанын білеміз. Ол құжатта кінәсі дәлелденбеген адамның құқын аяққа таптауға болмайтыны, жазықсыз жанның ар-намысына тиюге тиым салынатыны тайға таңба басқандай анық жазылған. Ал Қытай мемлекеті осындай халықаралық құжаттарға қарамастан мұсылман қауымына, оның ішінде қазақтарға тізе батырып, адам төзгісіз азапқа салып отыр. Міне, енді сол жақта қамауға алынып, екі айдан жиырма бір-



жиырма екі айға дейін қапаса қамалған бауырларымыздың балалары мен жұбайлары соларды босатуды талап етіп келіп отыр. Қазақ қоғамы қытай елінің мұндай геноцидтік саясатын қатаң айыптап, қандастарымызды қолдаушылармен шығарып, елге қайтарылуын талап етеді.

Аталған қоғам жетекшілерінің бірі Өмірхан Алтынның да сөзі осыған сайды:

– Мұндай қысымды Қытай елі азшылық ұлттарға ежелден көрсетіп келе жатыр. Қит етсе қырып-жойып, тұтқындау баяғыдан әдетке айналған. Олар осылайша Қазақ елін түбегейлі басып алғанша тоқтамайтыны анық. Ен-

деше мұсылмандарды, оның ішінде қазақтарды тұқыртудың біздің ұлтты жоюға бағытталған әрекет екенін түйсінетін сәт әлдеқашан туған. Бұдан былай қарап отыра беруге болмайды. Ауызбіршілігіміз қажет. Қазақ деген Тәуелсіз мемлекетіміз бар, мұндай басқыншылыққа ешбір жол бермеуіміз керек! Бұл, біле білсек, еліміздің ұлттық қасыреті. Біз «мемлекетімізде жүз отыздан аса ұлт өкілдері тұрады, Ассамблеямыз бар» деп мақтанамыз. Солар осындайда неге бой көрсетпейді. Қайда солар?!

Жиынға көршілес Қырғыз елінен де келген балалар қатысты. Олар да тұтқындағы әкелерін босаттыруды сұрап зар иледі.

Мәслихат барысында «Ата-анасы Қытай елінде тұтқында отырған балалардың зары» деп аталатын деректі фильм көрсетілді. Ондағы бүлдіршіндердің де «Көмектесіңдер!» деген жан дауыстары жүрек ауыртып.

Шара барысында сөз алған қазақтың қаршадай қызы жиналған қауымның көзіне жас үйірді.

– Үшінші сынып оқимын. Жасым тоғызда. Әкем Қытайға кеткеніне тоғыз ай болды. Паспортын тартып ата, түрмеде жатыр. Нұрсұлтан ата, әкемді әкем қайтарып беріңізші? – деп сөзін аяқтай алмай жылап еңіреп жіберді әкесін сағынған бүлдіршін.

Одан соң балалар қолдарын жүрек тұстарына қойып, Қазақ елінің еңұранын айтып тұрып көз жастарына ерік берді. Бүлдіршіндерге қоса жиналған қауым да жылап тұрды...

Бұдан соң Қытайдағы туыстарын іздеген қауым жиылып, Алматыдағы Қытай елшілігінің консулына барды. Консулға Қытайда қамауда отырған жұбайларын, әке-шешелерін іздегендердің атынан Нұрқия Әубәкір, Бахаргүл Досмұқан, Әсила Әлімқұлова үшеуі кіріп хат тапсырды.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті бірқатар тексерістердің нәтижесін жариялады.



Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы Ернар Махановтың айтуынша, биыл соңғы бес айда өткен жылдың аталған кезеңімен салыстырғанда жеке және заңды тұлғалардың арыз-шағымдары екі есеге көбейді. «Департамент 14 арызды қарап, жазбаша түрде түсіндірмелер берді. 24 шағым жоспардан тыс тексеру арқылы қаралды. Соның нәтижесінде 49 заң бұзушылық анықталды. 16 лауазымды тұлға әртүрлі тәртіптік жауапкершілікке тартылып, 17 азаматтың құқықтары қорғалды. Мәселен, Астана қаласы бойынша табиғи монополияларды реттеу департаменті кадрлық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы мен осы бөлімнің бас маманы ескерту алды. Олар «Б» корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына конкурс өткізудің қарапайым талаптарын сақтамаған. Бұдан бөлек, жер қатынастары, жердің пайдалануы мен қорғалуын бақылау басқармасында азаматтарды қабылдауды дұрыс ұйымдастырмаған. Сол үшін персоналды басқару бөлімінің басшысына ескерту берілді. Ал көліктегі

қоғамдық бақылау департаментінде қызметкерді тәртіптік жазаға тарту туралы бұйрықпен таныстырмаған. Сол үшін аталмыш мемлекеттік органның заңгері қатаң сөгіс түріндегі жауапкершілікке тартылды», – деді Е.Маханов Астанада өткен баспасөз мәслихатында. Оның сөзіне қарағанда, индустриялық даму және өндірістік қауіпсіздік департаментінде 43 тәртіп бұзу фактілері тәркіленді. Мәселен, бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға конкурс өткізу кезінде заң талаптарын өрескел бұзған осы департаменттің конкурстық комиссия мүшелері жалпы сомасы 72 мың теңге көлемінде айыппұл төлеуге міндеттелді. «Ал әділет департаментінде жүргізілген тексерістің нәтижесінде 130 заң бұзушылық анықталды. Осыған байланысты жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігін қарау бо-

йынша нұсқаулар берілді. Қазір соның барлығы қаралып жатыр. Сонымен бірге біз мемлекеттік қызметшілердің табысы мен мүлігі туралы ақпараттың шынайылығын тексеріп отырамыз. Аталған мәліметтер мемлекеттік кірістер органдарына жыл сайын тапсырылады. Осындай мәліметтерді мерзімінде тапсырмаған Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің бас сарапшысы 84 мың теңге көлемінде айыппұл түрінде әкімшілік жауапкершілікке тартылған болатын», – деп атап көрсетті Е.Маханов. Айта кетейік, бүгін ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті «Қоғамдық бақылау картасы» атты жобаға қатысуға үндеді. Соның аясында қала тұрғындары мен қонақтары жемқорлық әрекеттері туралы хабарды онлайн режимде бере алады. «Қазіргі кезде Фэйсбук, Вконтакте, Инстаграм сияқты танымал әлеуметтік желілерде арнайы парақшалар ашылды. +77057091978 нөмірі бойынша WhatsApp пен Telegram-да чаттар бар. Оған тәртіп бұзушылықтың фотосын да, видеосын да жіберуге болады. Бұдан бөлек, 57-19-91 телефон нөмірі бойынша департаменттің жедел желісіне хабарласуға мүмкіндік бар», – дейді Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасы басшысының міндетін атқарушы Данияр Раимбаев.

МЕДИЦИНА ҰЙЫМДАРЫНА ҚАРЖЫ БӨЛІНДІ

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» АҚ жыл басынан бері елдегі медицина ұйымдарына халыққа көрсетілген қызметтер үшін 307 млрд. теңгеден астам қаржы төледі. Бұл мемлекеттік тапсырыс аясында көмек көрсету туралы медицина ұйымдарымен бекітілген келісімшарттардың 44 пайызы.

Қазіргі таңда, Алматы қаласында да емдеу мекемелерін қаржыландыру мәселесі кестеге сәйкес жүргізіліп жатыр. Бұл туралы жергілікті медицина ұйымдары басшыларымен кездесуде Медициналық сақтандыру қоры Алматы филиалының директоры Тілеухан Әбілдаев мәлімдеді. Филиалмен келісімшартқа отырған медицина ұйымдарының дерегіне сүйенсек, аймақтағы емханалар мен ауруханалардың қызметкерлері биылғы жылдың қаңтар-сәуір айлары үшін жалақыны толық алған. Филиал басшысының айтуынша, 2018 жылы Алматы қаласында мемлекеттік тапсырыс негізінде халыққа тегін қызмет көрсетуге ниет білдірген 171 медицина мекемесімен келісімшарт бекітілген. Оның 103-і – жекеменшік клиникалар. «Келісімшарттар алғашқы медициналық-санитарлық көмек, жедел жәрдем және басқа да басым бағыттар бойынша бекітілген. Жалпы, 2018 жылы Алматы қаласы бойынша емдеу мекемелерінен тегін медициналық көмек шеңберінде 85 186 662,0 мың теңгенің қызметін сатып алу жоспарланып отыр. Қаңтар айында жеткізуші компанияларға аванс ретінде 23 806 597,9 мың теңге төленді. Бұл жалпы төленетін қаржының 30 пайызы», – деді Т.Әбілдаев. «Жұмыс кесте бойынша жүріп жатыр және ол халыққа көрсетілген медициналық көмек сапасын бақылаудың жаңа талаптарына сәйкес жүргізіледі. Бөлінген қаражат емдеу мекемелерінің операциялық шығындарын жабуға, атап айтқанда, медицина қызметкерлеріне жалақы төлеуге жеткілікті», – деп атап өтті ол. Маман «Филиал сарапшылары халыққа көрсетіліп жатқан қызмет сапасын қамтамасыз ету және пациенттер құқығын қорғау мақсатында тұрақты түрде мониторинг жүргізіп отырады. Сонымен қатар, ол халықтың ерекше сұранысына ие болып отырған медициналық қызмет түрлерін анықтауға да мүмкіндік береді» деген пікірді алға тартуда. Алдағы уақытта бұл шара халыққа көрсетілетін медицина қызметін одан ары жеңілдетуге мүмкіндік береді.

ОРТА БІЛІМ БЕРУ ІСІ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРМАҚ

Парламент Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің кеңейтілген отырысында «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Орта білім беруді жаңғырту жобасы) ратификациялау туралы» заң жобасы талқыланды.

ҚР Білім және ғылым вице-министрі Асхат Аймағамбетов заң жобасы Елбасының «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» бағдарламасының 76-шы қадамы аясында орта білімді дамытуға негізделгенін айта келе: «Жоба бойынша жалпы шығын 75 млн. АҚШ долларын құрайды. Таза қарыз сомасы – 67 млн. доллар және де республикалық бюджеттен 8 млн. доллар қоса қаржыландыру қарастырылған. Қарызды өтеу мерзімі – 17 жыл, оның ішінде 5,5 жыл жеңілдік мерзімі», – деді. Осы орайда жобаны жүзеге асыру барысында алғашқы бес жарым жылға төлем жасаудан босату қарастырылған. Жалпы ұсынылған жобаның мақсаты – орта білім жүйесінің сапасын жақсарту және білім берудегі қолжетімділік пен теңдікті арттыру болып табылады. Жалпы атқарылатын жұмыстар шеңберінде оқушыларды бағалау жүйесін білім берудің жанартылған мазмұнына сәйкес келтіру қамтылған. Жанартылған білім беру мазмұнына көшу аясында оқу жетістіктеріне сырттай баға беру, ҰБТ тапсырмаларын да өзгерту керек. Тапсырмаларды ақпаратты есте сақтау қабілетін бағалауға емес, баланың функционалдық сауаттылығын анықтауға, алған білімін қолдана білуін тексеруге бағыттап құру қажет болып тұр. Сондықтан, мультимедиа элементтері бар 230 мыңнан астам жана тест тапсырмалары жасалатын болады. Сонымен қатар, Жолдауда көрсетілген Педагогикалық білім беруді дамыту бойынша тапсырманы орындау мақсатында педагогикалық кадрларды шыңдайтын университеттер үшін 47 білім беру бағдарламасы енгізілетін болады. «Тағы бір маңызды компонент – ол білім беру жүйесіндегі теңсіздікті төмендетуге арналған. Осы орайда ауыл мектептерін мультимедиялық жабдықтау, атап айтқанда компьютер, проектор және экраннан жиналған комплекттер ескерілген. 5 400 мектеп осы жабдықтармен қамтамасыз етіледі. Білім беруді цифрландыру кезінде бұл өте маңызды. Бүгінгі күні мектептердің 29 пайызы интерактивті жабдықтармен қамтылған», – деді Аймағамбетов. Белгілі болғандай, келісімнің тағы бір маңызды бағыттарының бірі – Инклюзивті білім беруді қолдау. Жобада айрықша білім қажеттіліктері бар балаларды кәсіби-мамандыққа даярлау бойынша арнайы оқу бағдарламаларын әзірлеу қарастырылған. Одан басқа мектептер жанынан 9 инклюзивті ресурстық орталық ашу, көзі нашар көретін және дамуы кем балаларға арналған 7500 Брайль оқулығын сатып алу, инклюзивті білім берудегі 1000 дефектолог маманды арнайы курстарда оқыту қарастырылған. «Жалпы, бұл жоба кем дегенде 3 млн. оқушыларға өзінің септігін тигізеді деп ойлаймыз», – деп түйді вице-министр.



ҚАЗАҚСТАНДА ЕТ ӨНДІРІСІ АРТТЫ

Қазақстанда 2018 жылдың қаңтар-сәуір аралығында ет өндірісінің көлемі 86 380 тонна болған, бұл 2017 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 11,9 пайызға артық. ҚР ҰЭМ Статистика комитетіне сілтеме жасау арқылы есептік кезеңде: 177 202 тонна сүт (былтырғыдан 15,6 процентке артық), ұн 1 531 856 тонна (+24,1%), нан – 253 018 тонна (+6,9 процент), жарма – 28 126 тонна (+28,5 процент) өндірілгені белгілі болды. Қазақстанда 2018 жылдың қаңтар-сәуірінде ауыл, орман және балық шаруашылықтарының жалпы өнімі 559 008,8 млн. теңгені құраған. Бұл 2017 жылдың осы кезеңіндегі көрсеткіштен 3,8 процентке артық.



ЕШКІ СҮТІНЕН ӨНІМДЕР ШЫҒАРЫЛА БАСТАДЫ

Оңтүстік Қазақстан облысында алғаш рет тәулігіне 3 тонна ешкі сүтін өндіруге және 24 тонна сүт өңдеуге қауқарлы «Асыл тұқымды шаруашылық ашылды. Жаңадан ашылған шаруашылықтың жұмысымен танысқан облыс әкімі Жансейіт Түймебаев аталған кәсіп түрін дамытудың жолдарын талқылады.

Ешкі сүтінің адам денсаулығына пайдасы мол екенін айтып, атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын берді. Жұмыстың барысымен таныстырған серіктестік төрағасы Жеңіс Тоғызбаев өндірістік кооперативтің іске қосылған бірінші кезеңінде сауын цехы мен сүт өңдеу зауытының және жем-шөп жинау ғимаратының құрылысы аяқталғанын мәлім етті. Оның айтуынша, Нидерланд елінен ешкінің Заанен тұқымын сатып алған. Даму жоспары үш кезеңнен тұратын жобаның жалпы құны 1 млрд. 829 млн. теңгені құрайды. Қазір мұнда 500 бас ешкі болса, жоспар толығымен орындалғаннан кейін 6 мың басқа жететін болады. Өсімділігі өте жоғары ешкі малы жылына егізден тауып, орта есеппен 100 басқа 200 төл береді екен. Заанен тұқымының қазақстандық ешкілерден айырмашылығы – сүтті көп беруінде. Отандық ешкілер күніне көп дегенде 1,5-2 литр ғана сүт беретін болса, заанендіктер күніне 5-6 литр сүт береді. Алдағы уақытта кәсіпорын Италия елінің жаңа технологиялы құрылғыларымен қамтылып, сауын және сүт өңдеу процесі толығымен автоматтандырылатын болады. Осының нәтижесінде ірімшік және моцарелла ірімшігін жасауды жоспарлап отыр. Айта кетейік, ешкі сүті – анемияда, тағамдық аллергияда, туберкулезде, асқазан, ішек-қарын жолдарының ауруларында, диабетте, диатезде, ағзаның қорғаныс қызметін арттыруда, ағзаның ауыр металдардың тұздары мен радионуклидтерді шығаруда және көздің нашар көруінде пайдалы екен. Жұмыс барысымен танысып шыққан аймақ басшысы Жансейіт Түймебаев, «Оңтүстік өңірі ауыл шаруашылығына өте қолайлы аймақ. Осыны тиімді пайдалануымыз керек. Әсіресе, заманауи технологиялардың көмегімен жылыжай шаруашылығын мықтап қолға алсақ, өнім сапасы мен көлемі артатын болады. Сондықтан да осы мәселені аудан, қала басшыларына үнемі айтып келемін», – деп, сала басшыларына аудандағы жылыжай шаруашылығын жандандыруды тапсырды.

Дүние дүрбелеңге толы. Жұмыр жердің де көтерер жүгі жылдар өткен сайын ауырлап бара жатқандай. Ғаламшардың бір бұрышын соғыс оты шарпып жатса, қалған бөлігінде мылтықсыз майдан жүріп жатыр. Бір-біріне көз алартып, байлығын қалай басып, жерін қалай тартып алсам деген пиғыл жайлап алған. Өзгелерге үстемдік етсем деген саясатты қару еткендер қалауына қырын келген елдердің шырқын бұзып, бір мемлекеттің, бір ұлттың адамдарын бір-біріне жау етіп, атыстырып-шабыстырып қойып, сол арқылы пайдаға кенелуде. Сұрапыл соғыс салдарынан еш кінәсі жоқ қарапайым халықтың туған жерін тастап босқынға айналғанына да тарих куә...

Біреулер туған жерінде тойынып, арам жолмен тапқан ақшасын арқалап шетке қашса, енді біреулер атажұртына жете алмай арманда. Тағдырдың тәлкегімен жат жерде жүргендер, бөгденің тізесі бүйіріне батқандар Жаратқан иесіне жалбарынып, қоғамның көмегіне жүгінеді. Құдайға шүкір, адамдардың бәрі бірдей байлыққа байланып, тойымсыздыққа салынып адами қасиеттерін жоғалта қойған жоқ. Қиналғандарға қол ұшын беріп, көмекке келетін жандар да жеткілікті. Зымиян заман зауалына қарсы тұру үшін, қоғамдасып, қауымдасып әрекет етуге тура келеді. Сондай қаумдастықтардың бірі – «Жебеу» республикалық қоғамдық бірлестігі. Бүгінгі күні игі шаралардың ұйытқысы болып жүрген бірлестікті «Қазақ үні» газетінің оқырмандарына кеңірек таныстырғанды жөн санадық. Өйткені, еліміздің, жалпы қоғамның дамуына осындай ұйымдар ықпал етеді емес пе?!

ҚОҒАМ – ҚУАТТЫ КҮШ

«Жебеу» республикалық қоғамдық бірлестігі 2009 жылы 26-шы қазанда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ресми тіркеліп, міне он жылға жуық жемісті жұмыс атқарып келеді. Бірлестіктің басын құрап, негізін қалаған құрылтайшылары еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін көрші Қытайдан атажұртына оралған қандастарымыз. Олардың басым бөлігі еліміздің экономикасының негізін қалайтын шағын және орта бизнес пен түрлі өнеркәсіп салаларында еңбек етіп жатыр. Сол сияқты қауымдастық құрамында ғалымдар, дәрігерлер, ұстаздар және де көптеген мамандық иелері бар. Ең бастысы, «Жебеу» республикалық қоғамдық бірлестігін құрудағы мақсаттары айқын. Оны бірлестіктің қабылдаған жарғысынан-ақ байқауға болады. Қазақстан Республикасы аумағына қоныс аударған, этникалық көшіп келушілерді әлеуметтік, саяси және құқықтық жағынан қорғау, олардың лайықты өмір сүруі мен жергілікті жағдайға бейімделуі, сондай-ақ кәсіпкерлік-шаруашылық жұмыспен тұрақты айналысуына көмек көрсетуді негізгі ұстаным еткен. Бірлестік құрылған күнінен бастап сол ұстанымдарынан айныған емес. Қазақстан мен Қытай арасындағы халықаралық саяси жағдайды басты назарда ұстап, Отанымызға оралған қандастарымызға құқықтық, заңдық тұрғыдан кеңес беріп, екі ел арасындағы мәдениет, білім, ғылым, өнер саласындағы қарым-қатынастарға, осы бағыттағы ұйыдастырылған көптеген шараларға белсене атсалысып келеді.

БІРЛЕСТІК БАСТАУЫ

Әрине, бірлестік жок жерден пайда болған жоқ. Оған белгілі бір тарихи, саяси, әлеуметтік немесе өзге де бір жағдайлар ықпал ететіні белгілі. «Жебеу» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Омарәлі Әділбекұлымен арадағы болған әңгімеден соны аңғардық.

Сонау 1994 жылы атажұртына келген бұл айтулы азаматтың тағдыры өзге де Қытайдан оралған қандастарымыздың өміріне ұқсас. Бір ерекшелігі – оның іскерлігі мен ұлтына деген белсенді қызметінде жатыр деп сеніммен айтуға болады. – Жалпы, «Жебеу» бірлестігі бірден құрыла салды деп айта алмаймын. Оның тамыры тереңде жатыр десек қателеспейміз. Қоғамды құру идеясы құрушылардың бұрыннан бері ойында жүрген жоспар болатын. Біз 1982 жылы қазақтың 30 қыз-жігіті Қытайдың астанасы Бейжіңдегі Орталық Ұлттар университетінің тіл-әдебиеті факультетіне оқуға түстік. 1982 жылдан 1986 жылға дейін алып елдің астанасында жүріп, тағдырдың талай тәлкегін көрдік. Бұл университет 1953 жылы құрылып, жылына қытайдың жер-жеріндегі аз ұлттардан жастарды қабылдап, оларды 4 жыл оқытып, маман етіп шығаратын. Бірақ «Мәдени төңкеріс» кезінде тоқтап қалып, 1971 жылдардан кейін қайтадан жылына әр мамандыққа 20-30 бала қабылдай бастады. Біз 1982 жылы оқуға қабылдандық. Қытай тілі мен қазақ тілін қатар оқып, білім алдық. Біз барған тұста Қытайдағы Мәдениет төңкерісі аяқталып, батыс елдерімен қарым-қатынас жақсарып, мәдениет пен ғылымға көңіл бөліне бастаған-ды. Бұрынғы дәстүрлер де қалпына келтіріліп жатқан.

Осындай орайлы сәтті пайдаланып, 1983 жылы Зейнеш Сымайұлы бастаған жас мұғалімдер мен бізден бұрын оқуға түскен жігіттердің бастамасымен тұңғыш рет наурыз мерекесін атап өттік. Студенттердің ұйымдастыруымен болған бұл шара елге керемет әсер етті. Бізден бірер жыл бұрын оқуға түскен Бақыт Еженхан, Кеңес, Мақадас сынды жігіттер белсене жұмыс істеді. Біздің университетте білім толықтырып жатқан Әбдіһай деген ағамыз кешті жүргізді. Біз де қал-қадырымызша көмек қолын создық. Сөйтіп Қытайдағы қазақ жастарының алғашқы қауымдастығы өмірге келді. Бүгін

қарап отырсам, бұл ұлтқа қызмет етудің бастапқы баспалдақтары екен. Наурызды мерекелеу үрдіс келесі жылы да жалғасты. Осылайша қазақтардың Қытай астанасы Бейжіңде наурызды өткізу дәстүрі қалыптасты, – дейді Омарәлі Әділбекұлы өткен жылдарға көз жүгіртіп.

Кейін бұл жалпы ұлттық мерекеге айналып, тіпті Шыңжаңның Бейжіңдегі өкілдігінде, Бейжің ұлттар сарайында, Қытай әскери мұражайының залында тойланады. Бұл жастардың сол тұстағы ең үлкен көлемде атқарған маңызды шаралар, алдағы атқарар істің бастауы еді.

Уақыт өткен сайын белсенді жастарды Қытайдағы аз санды қазақ ұлтына көмек қолын созу қажеттілігі ойландыра бастайды. Қазақтың мал бағып, түрлі қара жұмысқа жегіліп жүргені қынжылтады. Қытай ұлтының балалары секілді қазақтар да жоғарғы оқу орнына көптеп түссе деп армандаған озық ойлы жастар «Шыңжаң мал шаруашылық аймағындағы оқу-ағартуды ілгерілету қоғамы» деген ұйым құрады. Емтиханды жақсы тапсырған балалар ғана жоғарғы оқу орындарына түсетіні белгілі. Емтихан сұрақтары тек қытай тілінде шығарылғандықтан ауылдық жерде өскен білімді жастардың жоғарғы оқу орнына түсуі қиын болатын. 1985 жылдан бастап, сол емтихан сұрақтарын қазақ тіліне аударуды қолға алды. Асқар Жақулин бастаған жігіттер ақылдаса келіп, іске кіріседі. Ұйымның жарғысын жазып, Бейжің педогогикалық университетінде оқитын Мақадас дейтін азаматты төраға етіп сайлайды. Егер де бұл ұйымға «казак» деген сөзді қосса, Қытай үкіметі оны қабылдамайтын еді. Шыңжаңның солтүстігінде негізінен қазақтар тұрады. Мақсат – сол жердегі қазақ балаларына көмек қолын созу болатын. Сөйтіп, өз ұлтына қызмет етудің ұзақ та қиын жолы басталады.

Ашығын айту керек, сол тұстағы әлемде орын алып жатқан саяси оқиғалар оқыған жастардың санасын серпілтпей қоймады. 1986

жылғы Алматыдағы Желтоқсан көтерілісі кезіндегі оқиға олардың да қабырғасы қайыстырды. Оң өзгерістер алыстағы атажұрттан ақпарат алуға мүмкіндік бере бастады. Университет кітапханасында «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз» журналы сияқты қазақ басылымдары пайда бола бастады. Осыдан барып жастар санасында демократия, адам құқығы, еркіндік деген ұғымдар мен ұлт дәстүрін сақтау, ұлт келешегіне күйіну, ұлтқа қызмет ету деген идеялар терең орнықты.

Қазақстан Тәуелсіздік алған күні Қытайдағы қазақ жастарынан бақытты адам жоқтай көрінді. Қытайлық замандастарымыздан «Сендердің өз мемлекеттерің құрылды, бақыттысыңдар. Енді елдеріне қайтатын шығарсыңдар» деген сөздерін алғаш рет естіп, ойға қалғандары қалай ұмытылсын.


– Елге оралу арманының жетегімен 1992 жылы Бейжіңнен Үрімжіге ауыстым. Сол жылы бізбен бірге оқыған жігіттер Қазақстанға кете бастады. Досым Рақым Айыпұлы елге келе сала қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне жұмысқа орналасып, маған шақырту жіберді. Бейжіңде оқыған сол отызға жуық қыз-жігіттің қазір оншақтысы Алматы мен Астанада тұрып жатыр. Біз келген 1992-1994 жылдары ғылым жолын қуамын деген қандастарға Қазақстан Ғылым академиясы мен әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің аспирантурасына түсуге жағдай жасалды. Академияда оқып жүріп, талай қиын кездерді бастан өткердік. Кейбір жігіттер баратын жері жоқ болған соң, академияда, жұмыс орнында түнеп жүретін. Кейін ағаларымыздың көмегімен бәріміз жатақхана алдық. Бұл жаққа келіп, жетімнің күйін кештік деп айта алмаймын. Мәселен, мен ұстазым Серік Қырабаевтың әкелік қамқорлығын көрдім. Рақым бауырымды Алма Қырабаева апамыз туған інісіндей жетеледі. Манаш Қозыбаевтай біртұрар адамдардың тәрбиесінен өттік. Талғат Мамырұлы, Бақыт Еженхан, Рай-

ыс Әріпжан, Қайрат Ғабитхан, Сағынтай Сұңғатай қатарлы ғалымдар, Мерей Сламұлы, Жәніс Түркия, Фарид Мұхамит, Айгүл Түркия, Сабыржан Мұхамедхан, Дәурен Халмет сияқты бүгінгі бизнесмендер атақты академиктер мен профессорлардың шәкірті болды. Біз біріншіден өз елімізбен табыстық, екіншіден білім алдық, жұмыс істедік. Шетімізден азаматтық алып, Отанымыздың толыққанды мүшесі болдық. Атабаба арманы осылайша орындалды, – дейді Омарәлі Әділбекұлы мақтанышпен.

Осы жерде отанына оралған қандастарымыздың еңбекқорлығын да атап өткен жөн. Ешкім үкіметтен көмек күтіп қол қусырып қарап отырмады. Еліміздегі түрлі салаға араласып, белсене еңбек етуге кірісіп кетті. Көптеген кәсіпорындар құрып, пайдалы кәсіппен айналысты. Жүздеген жұмыс орындарын ашып өзгелердің де екі қолына бір күрек тауып берді деп айтуға болады. Одан ортақ іс алға басып, мемлекет қазынасына кіріс түсті.

Істің оңға басыуына 1980 жылдары Қытайда жүргізілген нарыққа өту тәжірибесі де септігін тигізді. Қытайдан келген қыз-жігіттер сол мүмкіндіктерін тиімді пайдаланды. Сол кезде елімізде әлі де үстемдік құрған орыс тілін білмесе де, мемлекеттің саясатын толық түсінбесе де адал еңбектің арқасында әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын өз қолдарымен жасады.

2000 жылдардан кейін Қазақстанның экономикасы түзеле бастағаны белгілі. Сол кезде Омарәлі Әділбекұлы мен Рақым Айыпұлы ақылдасып: «Бізге Құдай осындай тағдыр жазды. Біраз шаруа жасадық. Түрлі қиыншылықтар көрдік. Енді қандастарға көмек қолын созатын ұйым құрайық» деген бекімге келеді. Басты мақсат – бұрыннан ойда жүрген жұмыстарды алға жылжыту болды. Қытай мен Қазақстан арасында дәнекер болып, татулықты, экономикалық-мәдени байланыстарды дамытуды қолға алуды жөн санайды. Көші-қонмен елге келген қаншама қандастарымыз заңды



ҚАҢДАСТАР ҚАРАСТЫРҒАН

білмегендіктен түрлі кедергілерге ұшырап жатады. Оларға да заңды ұйым арқылы жәрдем беру керек. Қазақстанда Қазақ-Қытай академиясын, «Ерке-Нұр» фирмасын құрған Талғат Мамырұлына жолығып, өз ойларын ортаға салады.

Бастапқыда идея көп болып бірлестікті құру біраз уақытқа созылады. Сөйтіп «Алдымен көші-қон саласы бойынша, Қытай консулдігімен жұмыс жасайық» деген тоқтамға келеді. Қытайдан оқу іздеп келіп жатқан жастар мен басқа да оралмандардың көбі жергілікті заңды білмей өз құқығын қорғай алмайды. Қандастардың күн сайын түрлі проблемалары болып жатады. Сондай кезде жеке-жеке аттандамай, бір ғана ұйымның атынан әрекет ет-

көп болды десек қателеспейміз. Олар жас мемлекеттің керегесін бірге көтерісіп, уығын бірге шаншысты. Атажұртының дамуына атсалысып, аянып қалмады. Олар бұрындар халықтың 30-40 пайызын ғана құрайтын жергілікті халықтың санын ғана өсіріп қойған жоқ, өздерімен бірге ұлтымыздың ұмытыла бастаған кейбір салт-дәстүрі мен мәдениетін де ала келді. 2009-жылғы санақ бойынша қазақ ұлтының саны елімізде бірден 62 пайыздан асқаны белгілі. Алдымен келгендер соңындағыларға шақырту жіберіп, бірін-бірі үгіттеп, елге ел қосты. Алғаш келгендердің әрбірі Қазақстанға бір-бір ауылдан көшіріп келді деп айтуымызға болады. 1957-62 жылдардағымен салыстырғанда 1990 жылдардағы көштің айырмашылығы – бұл

азаматтықтан шығарып, тіркеуден өшіреді екен. Осы бір келеңсіз қаулы үшін қандастарымыз бірнеше жыл құжаттарын жөндей алмай уәре-сарсаңға түсті. Өткен жылы ҚР-ның Көші-қон туралы заңы қайта қаралды. «Жебеу» және басқа да қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының араласуымен бұл атышулы екі қаулы да ақыры алынып тасталды. Азаматтық алу мәселесі де бірыңғайланып, қандастарымыздың еркін жүріп-тұруына мүмкіндіктер қайта пайда болды. Бірақ соның өзі бірнеше жылға созылып, үлкен еңбек пен күш-жігерді қажет етті.

КЕЗЕКТІ КЕДЕРГІЛЕР

Алдында айтқан кедергілерді еңсерген қандастарымыздың алдынан тағы да өзге қиындықтар пайда болғаны жайлы мәліметтер қазір бұқаралық ақпарат құралдарының тұрақты тақырыбына айналды. Ол көбінесе Қытай жағына катысты.

ҚАМЫН ҚАУЫМДАСТЫҚ



сек деген шешімге тоқталады. Нәтижесінде 2009 жылы «Жебеу» қоғамдық қоры құрылды. Мамыр айында республикалық бірлестік ретінде тіркеліп, төрағасы Талғат Мамырұлы, бас хатшысы етіп Рақым Айыпұлын сайлайды. Төрағаны төрт жылда бір ауыстырып отыратын болды. Талғат Мамырұлы алғашқы 4 жылда біраз шаруаларды жасап, сосын Сабыржан Мұхамеджанұлы төраға, Дәурен Халметұлы бас хатшы болды. Бұл жігіттер де талай іргелі істердің басы-қасында жүрді. 2014 жылдан бастап Омарәлі Әділбекұлы төраға болып, Қару Қасенұлы бас хатшылыққа сайланды. Бүгін бүкіл елге белгілі болған ұйымның қысқаша тарихы осындай.

КӨШІ-ҚОНҒА ҚИЫНДЫҚ ТУҒЫЗҒАН ЕКІ ҚАУЛЫ

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында шетелден елімізге миллионнан астам қазақ оралды. Тәуелсіз елге бет түзеген көштің тізгінін ұстаған азаматтардың қатарында шеттегі қазақтардың оқыған жастары мен зиялылары

атажұртын аңсаған қазақтың өз еркімен, жүрек қалауымен келген ұлы көш болды. Алдымен қаладағы оқығандардың бір шоғыры, содан кейін студент жастар келе бастады. 2000-2009 жылдар аралығындағы көшті «Қазақ көшінің алтын дәуірі» деп те айтсақ болар. Бұл кезде Қытайдан бауыр-туыс бірігіп, ауыл боп елге оралды. Азаматтық алу, оқуға түсу, квота алу ісі алыс-жақыннан келетін оралмандар үшін оңтайлы болды. Сол үрдіс тоқтамағанда, біраз ағайын әлдеқашан елге оралып үлгіретін еді...

Өкінішке орай, қандастарымыздың көші-қон легіне өзіміздің Үкіметтің екі қаулысы кедергі болғанын айтпасақ болмайды. Ол Қытайдан сотталмағаны туралы анықтама әкелу мен тіркеуден шығып келу міндеттемесі болатын. Қытайдағы жергілікті әкімшілікке барып, осы құжаттарды сұрағандарға ондай құжат бере алмайтындықтарын айтқан. Өйткені, Қытайдың заңы бойынша Қазақстанға орнығып, тұрақты тіркеуге тұрып немесе азаматтықты қабылдағаннан кейін ғана, олар бізді автоматты түрде

Өткен жылдың соңынан бері Қытайдан осы жаққа көшіп немесе туыстарына келген қазақтарды Қытайға қайта шақыртып жатыр екен, олардың алатын зейнетақысын тоқтатып тастапты, ықтиярхат алғандардың төлқұжатын жинап алыпты деген ақпарат тарайды. Шынымен де, Қазақстанға келіп азаматтық алған зейнеткерлердің зейнетақысын тоқтатып тастаған мысалдар бар. Сондай-ақ, осы жаққа келіп-кетіп, ықтиярхатпен жүрген азаматтарды Қытайға шақырып, «ықтиярхаттарынды тапсырасыңдар, егер олай етпесендер зейнетақыларыңды тоқтатамыз» деген талап қойып, төлқұжаттарын жинап алған жағдайлар да көп болып шықты. Әсіресе бұл жағдай Іле қазақ автономиялы облысында жиі қайталанған. 2016 жылы қазан айының 30 күні ҚХР коммунистік партиясы орталық комитеті, үгіт-насихат департаментінің басшысы бастаған мемлекеттік делегация Астана, Алматы қалаларында сапарда болды. Алматыда «Жебеу» қатысқан мәслихат өтті. Сонда «Жебеудің» төрағасы

делегация назарын этникалық қазақ тығыз қоныстанған Шыңжаңдағы «құжат жинап алу мәселесіне» аударып, осы жайында пікірін сұраған болатын. Делегация басшысы бұл уақытша жағдай екенін түсіндіріп, алаңдауға негіз жоқтығын, терроризм мен діни қауіп-қатердің алдын алу үшін жасалып жатқан шара екендігін айтқан еді. Олар Шыңжаңнан шетелге шыққан азаматтардың қайда барғанын, немен шұғылданып жатқанын білу үшін арнайы тексеру жүріп жатқанын, алдағы уақытта жиналған төлқұжаттар иелеріне қайтарылып берілетінін жеткізген. Бірақ орталық Қытайдың саясаты мен Шыңжаңдағы жергілікті биліктің ұстанымы екі түрлі болып шықты. Жергілікті атқамінерлер уақытша тексеруді «асыра орындап» жіберген. Тіпті, Іле облысының кейбір аудандарында Қазақстан азаматтығын алған зейнеткерлерге азаматтықтан бас тартуын, өйтпесе зейнетақысынан айырылатынын ескерткен. Ықтиярхат алғандарға да сондай шарт қойып, құжаттары мен ықтиярхаттарын жинап алған. Кейбір азаматтарды «Сен Қытайдағы тіркеуінді уақытыңда өшіртпей, заң бұздың» деп, түрлі қысым көрсеткен. Ал Қытайдың шетелге қоныс аударғандарға катысты заңдық күші бар нормативтік актілерінде зейнетке шыққан Қытай азаматы қай елдің азаматтығын алса да, оның зейнетақысы толықтай сақталатындығы анық жазылған. Сонымен бірге, Қытайдың «Азаматтық туралы» заңының 9-бабында шетелдің азаматтығын алған Қытай азаматы азаматтықтан автоматты түрде шығарылады деп көрсетілген. Демек, тіркеуі де өшірілуі шарт. Бұл занда басқа қосымша талап қарастырылмаған.

Осы мәселеге катысты қаңтар айының ортасынан бері «Жебеу» бірлестігінің төрағасы Омарәлі Әділбекұлы бастап, Қытайдың Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісінің атына және Қытайдың тағы басқа құзіретті мекемелеріне арнайы хат жолдаумен болды. Сол хаттардың негізінде Қытай елшісі Жан Ханхуй мырза мен Алматыдағы бас консулы Жан Уый мырза бірнеше рет арнайы кездесу өткізіп, мәселенің мән-жайын бірге талқылады. Бас елшінің наурыздағы арнайы мерекелік шақыруына барған Омарәлі Әділбекұлы мен Талғат Мамырұлы Іле облысындағы түйткілді мәселенің күн санап күрделеніп бара жатқанын қайталай еске салған. Алматы консулы басшысының орынбасары қабылдап, бұл жағдайды басынан өткерген нақты адамдармен танысып, олардың арыз-арманын тыңдады.

Соңғы кездесуде делегацияның басшысы ШҰАР үкіметі сыртқы істер департаментінің хатшысы болды. Сондай-ақ, Ішкі істер мекемесінен, кадрлар мекемесінен, тәртіп тексеру комитетінен, әділет департаментінен, Іле Қазақ облыстық тәртіп тексеру комитетінен оңға жуық адам келді. Ал «Жебеу» қоғамдық бірлестігінің атынан 5 адам және осы қалыптасқан жағдайларды өз көздерімен көрген немесе туыстары арқылы біліп отырған он шақты адам қатысты. Делегация мүшелері қойылған сұрақтарға нақты жауап беруге тырысты. Бірлестік орын алып жатқан

жағдайды түзеу үшін төмендегідей алты түрлі талаптарын ашық айтты.

Бірінші, кейбір мекемелер зейнеткерлердің паспортын, ықтияр хатын жинап алып, ешқандай түсініктеме бермей күттіріп отыр.

Екінші, оларға Қазақстан азаматынан шығуды бұйырған. Олай болмағанда зейнетақыны тоқтатамыз деген.

Үшінші, екі ай ішінде Қазақстаннан алған ықтиярхатын қайтаруын міндеттеген, сөйтпегенде зейнетақыны тоқтатып құжатын жиып алатынын айтқан.

Төртінші, Қазақстанның азаматтығын алған адамдардың ішінде уақытында тіркеуін өшірмегендерді қос азаматтық деп танып, зейнетақысын тоқтатқан, еш себепсіз тіркеуін өшіруге кедергі келтірген.

Бесінші, уақытында мекемесіне барып тізімге тұрмағандардың зейнетақысын тоқтатқан.

Алтыншы, қайтып барған біраз кісілердің жасы ұлғайған, денсаулықтары төмен, бала-шағалары қасында жоқ, ол жақтағы үйлерін сатып жіберген. Осы кісілер қатты қиналып жатқандығы жайында болды.

Делегация мүшелеріне осы жағдайларға жіті көңіл бөліп, оңды шешім қабылдаулары сұралды. Олар бұл мәселені түбегейлі шешуге құзіреттері жетпейтінін, осындағы талап-ұсыныстарды тындап, зерттей келе, Қытай заңдарына сай бір шешім қабылдайтынын айтты.

Ол аздай енді міне Қытайға барған қандастарымызды «саяси оқыту орталықтары» деп аталатын қамауға күштеп жинап «тәрбие» жүргізу науқаны басталды. Бұл да қоғамда үлкен шұтудырып, халықаралық деңгейдегі жанжалға дейін көтерілді. «Жебеу» қоғамдық бірлестігі бұл бағытта да бірқатар шаралар ұйымдастырып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы үкіметтен көмек сұрады. Осы мәселеге «Ақ жол» сияқты партиялар мен қоғамдық ұйымдар үн қосты. Нәтижесінде Сыртқы істер министрлігінің араласуымен мәселе оң шешіле бастады. Ондаған адамдар қамаудан босатылып, құжаттарын қолына алды. Бұл жұмыс енді басталды, одан әрі жалғасын табады деген үміттеміз. Өйткені, мұндай күрделі мәселе мемлекетаралық дипломатиялық ресми жолмен шешілетіні белгілі. Сондықтан біздің сыртқы істер министрлігіндегі азаматтар алдында әлі де атқарылар жұмыстар көп.

Ия, өмірлік тәжірибе көрсетіп отырғандай қоғамның дамуы оның тұрғындарының белсенділігіне тікелей байланысты. Түрлі партиялар мен қоғамдық ұйымдардың іс-қимылы көп мәселені шешеді. «Жебеу» секілді ұлттың ұйытқысына айналған ұйымдар көп болса еліміздің еңсесі де биік болады сөзсіз. Аталмыш бірлестіктің он жылда атқарған жұмыстарын түгелдей тізіп шығу мүмкін емес. Өткізген мәдени, қайырымдылық шараларының өзі бір төбе. Ең бастысы ұлттық ұстанымын берік ұстап, бағытына бекем болса болғаны. «Қазақ үні» газеті мен осы аттас ұлттық порталдың мыңдаған оқырмандары атынан «Жебеу» республикалық қоғамдық бірлестігіне алдағы уақытта да халыққа көрсетер қызметтеріңіз жемісті болсын деген шынайы тілегімізді білдіреміз.

■ ӘДЕП

Бір дін маманының «Ауыз бекітпегендер ауызашарға қай бетімен барады?» деген сөзі зиялы қауым арасында қатты талқыға салынууда. Ал жарапазанды кімдер айтады, қашан айтады? Бұл да ертеректен қазақ салтында бар дәстүр болғанымен бүгінде базар ішінде жарапазандатқан қыз-келіншектердің беталысы жарапазанды табыс көзіне айналдыру ма?..



АУЫЗАШАРҒА БАРДЫҢЫЗ БА?

Бүгінгі ел аузындағы талқы: «Ауызашарға бару әдеби қалай?». Бір-бірін сынап талқыға салып жатқан ересектерге қарап, өскелең жеткіншек қайда қарай мойын бұрарын білмей дал. Осы күнгі жеткіншектердің айтуынша, «ифтар», яғни ауызашар, тек қана оразаны ұстағандар ғана баратын орын, тегін жайылған дастархан. Расымен, солай-ақ. Бірақ бүгінгі қоғамдағы алдыңғы буынның, жасы ересек аға, апалардың пікірі бұл түсінікке қайшы. Мұны да түсінуге болады. Кеңестің заманы азмаз ауыз бекіткендермен үй толтыра алмасын білген қазақ «құдайдың атына беріліп жатқан ас кой, бәрібір, сауабы болар» деп, атын «ауызашар» дегенімен асын беруде қонағының аштығына қарамай қонақжайлылыққа салғаны анық. Ал жоғарыдағы имамның айтқаны нақты дін үкімі болса керек. Себебі, нақты жазылған дін үкімдерін білген адам ешқандай жерден алып-қоспайды деп сенеміз.

«Айт күндері ораза ұстамағандар да айттап жүре береді. Меніңше ауызашарға аузы беріктер ғана баған дұрыс», — депті бір «мұсылман» қазақ. Сонда, айт мерекесін тойлауда да қазақ екіге бөлінуі керек пе? Бұл не сандырақ? Наурыз көжені де қазақ ішсін, «мұсылман» ішпесін деп шығармасына кім кепіл ертең?

...Апамның айтатыны қандай керемет! Шығыс елдерінде — дін, Батыста заң үстем! Екеуінде де адамды қорқытып тәрбиелейді әрі екеуінде де жазылмаған нәрселердің бәріне рұқсат деп қарайды. Екеуінде де қазақтың «ҰЯТ БОЛАДЫ» деген сөзі жоқ. Ал сол «ҰЯТ БОЛАДЫ» деген бір ауыз сөздің қазақ үшін заңнан да, діннен де пәрмен күшті еді! ҰЯТТЫ жоғалтып алдық, ҰЛТТЫҚ ҰЯТТЫ! ҰЯТ пен бірге ҰЛТТЫҚ НАМЫСТЫ да! — дейді фейс-бук парақшасында Айгүл Болатханқызы.

«Бұлай тартсаң — арба сынады, бұлай

тартсаң — өгіз өледі» деген қазақтың ескі сөзіне салып, әліптің артын бағып, бұл бет алысқа дымын шығармай отырған қариялар да бар. Әлде бір уәжін беруге білімдері жетпейді ме? Рас, бір нәрсе деу қиын. Жарапазан мынандай жаһандандудың дәуірі дүбірлеп тұрған заманда аты-затына дейін ұмытылып кетпесіне кім кепіл? Мейлін, базар-ошар, мейлін, ауыл-аймақ, айта берсін. Сол мереке, думандатудан ада қалудан сақтасын. Ол кезде бабалардан келе жатқан салттан қол үзудің кері сонда келеді.

Ал енді жарапазанның да, ауызашардың да жөн-жорасын түгендер болсақ, кем-кетіксіз орындай алатын қазақ бірді-екі жерден бас көрсетер. Бұл сөзбен Айгүл ханымның күйінуін орынсыз деуге болмайды. Тиісінше, осындай қоғамда өз ойын ашық айтып, мәселелерді талқы-таразыға салушылар керек. Сонда әлгі жарапазан жырлап жүріп-ақ күн көрісті таба салатындар етек-женін жинайды деп ойлаймыз.

Бір ересек ағанын айтуынша, қатар-қатар үй орналасқан ауыл-аймақта жарапазанды әндету ауыз ашып болғаннан соң басталған екен. Кеш қараңғысымен әндетіп бастаған әлгілер қатар үйдің ең соңғысына келіп жеткен де сол үйде жиылған дәмді ортаға салып, ортақ бір дастарханнан қайта сәресіні жасаған екен.

Жарапазанды, негізінен, балалардың думаны деседі. Ауыл-аймақты шаңдатаып, думандатып қызыққа бөлеушілер де солар. Олардан қоржын-қонышындағы тәттілерін аяп қалатын ересектер жоқ. Бәрі маз-мәйрам. Алыстан естілетін думанды кеш. Мейрам деген осы болса керек. Жарапазандағы кәделік, жөн-жобаны да мұнан артық беру қиын.

Талқы-таразыны оқырман өзі түйер...

Ұлмекен ЛЕСБЕКОВА

■ ДҮНИЕ-КЕРУЕН

ЖАЙСАҢ ЖАН ЕДІ...

Оңтүстіктегі досымыз Әлішер Толыбаевтың өмірден өткенін жеткізген суық хабар төбемізден жай түскендей әсер етті. Дүние — жалған деген осы екен ғой дедік еріксіз.

Әлішер досымызбен өмірдің өрісінде, тірліктің талай бел-белесінде тізе қосып, қатар жүрдік. Елдің қамын, жердің жайын ойлап, ұлттық мүдделерімізді ұлықтап жүретін жайсаң жан еді.

Әлішердің есімін Оңтүстікте бәрі біледі, еліміздің өзге аймақтарына да таныс. Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарығаш ауданы Абай кеңшарында туған Әлішер Толыбаев туған жер, өскен өлкесін көркейтуде зор үлес қосты. Білікті де, білімді кәсіпкер ретінде кәсіпорын құрып, облыс экономикасы мен әлеуетінің артуына зор үлес қосты. «Тау самалы» демалыс үйін ашып, халықтың еркін демалуына ерекше жағдай жасады. Ол демалыс орнына елімізге белгілі талай қаламгерлер мен қайраткерлер ат басын бұрып, көптеген туындыларының туғанын жақсы білеміз. Сондай-ақ, әдебиет пен өнерге жақын, жаны нәзік, ақ көңіл Әлішердің өзі де шығармашылық өкілдерімен жақсы аралас-құралас болды. Руханиятқа да қамқорлық көрсетіп, республикалық «Қазақ үні» газеті және т.б. ақпарат құралдарын мекеме ұжымына жаздырып алып, насихаттап жүретін еді.

Үлкен құрылыс мекемесінің қатардағы қарапайым жұмысшысынан басшысына дейін еңбек жолынан өтті. 1998 жылдан бері қарымды кәсіпорындар ашып, қанатын биікке сермеді. Ол артында қандай із қалдырғанын Шымкент қаласындағы Ордабасы мешітіне жаназаға жиналған қалың елдің қарасынан-ақ аңғаруға болады.

Алды пейіш, арты кеніш болып, иманы салауат болсын!

Алла артында қалған ұрпақтарына, отбасына ұзақ ғұмыр бергей.

Атпал азаматтың артындағы туған-туыстарының, отбасының, жұбайы Рәшкүл Оспанәлиеваның қайғысын бөлісіп, көңіл айтамыз.

Ислам Әбішев,
Мәлікаждар Исмаилов,
Қазыбек Иса.

КӘСІПКЕР МЕКТЕПТІ ҮЗДІК БІТІРГЕНДЕРДІҢ БӘРІНЕ iPhone сыйлады

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Адам баласы — шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі.

Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айырықша іңкәрлікпен атсалысу — шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі» — деп атап өткен болатын.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы, Қожатоғай ауылдық округінің жаста-

ры, Байтоғай елді мекенінің М.Мәметова атындағы жалпы орта мектебінде «Соңғы қоңырау» іс-шарасы өтті.

Іс-шарада «Бижан» компаниясының президенті, Елбасының қолынан «Алтын сапа» белгісін алған белгілі кәсіпкер Хадиша Нұртайқызының (суретте) демеушілігімен мектепті үздік бітірген және пән олимпиадаларынан үздік нәтиже көрсеткен оқушылар



мен ұстаздарға 34 дана «iPhone» ұялы телефондарын және смарт сағаттарын сыйға тарту етті.

Салтанатты іс-шарада

мектеп өнерпаздары ұйымдастырған концерттік бағдарламамен жалғасын тапты.

qazaquni.kz

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Редакторлар кеңесінің төрағасы –
Қазыбек ИСА

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ
Бас редактордың бірінші орынбасары –
Зейнолла АБАЖАН
Бас редактордың орынбасары –
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:

Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Нұрлан ӘБДІБЕК (қоғам)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Астана тілшілер қосыны:

Азамат ТАСҚАРАУЛЫ

(8-702-931-89-86)

Ақмола облысы:

Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Арқалық қаласы:

Нұрсұлтан НҰРМАН

(8-702-688-84-87)

Алматы облысы:

Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)

Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)

Қанат БИЖАНСАЛ (8-775-323-0850)

Батыс Қазақстан облысы:

Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

(8-701-111-61-05)

Жезқазған қаласы:

Жанат АСАНҚАЛЫ

(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

Сәтбаев қаласы:

Абдолла ДАСТАН

(8-71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)

Қарағанды облысы:

Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

Қостанай облысы:

Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

Семей қаласы:

Рахат АЛТАЙ

(8-775-998-15-39)

Маңғыстау облысы:

Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)

Оңтүстік Қазақстан облысы:

Әбдіғалпай АЙДАР

(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)

Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

Түркістан қаласы:

Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

Атқарушы директор –

Әзірет ЖАРЫЛҚАСЫН

Тарату бөлімі:

Алматыда:

Асхат ТЕЗЕКБАЕВ (8-701-499-27-80);

(8-777-115-13-49)

Астанада:

Көбей ЖЕТІБАЙ (8-775-665-74-10)

Шымкентте:

Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

Астанада «Алты Алаш» (87015728847)

дүңгіршіктерінде сатылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат

министрлігінде 19.12.2012 жылы тіркелген.

Күәлік №13976-Г (Алғашқы күәлік

№1270-Г, 01.08.2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқа-

расы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.

Қолжазбалар өңделеді және қайта-

рылмайды.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап

береді.

Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жа-

салуды шарт.

Газетте «Қазақпараттың» материалдары

пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер

орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 000

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3

ықшамауданы, К.Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:

8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail.com

www.qazaquni.kz

Кезекші редактор –

Дастан ЕЛДЕС

ТОО «Қазақ үні»

БИН 000540006784

ИИК KZ50856000000385541

АГФ АО «БанкЦентрКредит»

г. Алматы, БИК КСЖКЗКХ, Кбе 17

Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында

басылды. Алматы қ., С.Мұқанов қ., 223 б.

Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген